2	Амангелді Санжар	200108504718	«Құлпынай» ересек тобы	№9343 Психикалық дамуының тежелуі. ОНР 1 деңгей. Психологиялық – педагогикалық түзету кабинеті (ППТК) жағдайында логопедтің, дефектологтың арнайы қолдауы.
3	Ермеков Нұрислам	210403551071	«Айгөлек» ортаңғы тобы	№9693 Задержка психо-речевого развития, с аутистическими проявлениями Воспитание и обучение по индивидуальной учебной программе дошкольного воспитания и обучения в общеобразовательной дошкольной организаций. Специальная психолого - педагогическая поддержка: дефектологом, психологом. Сопровождение педагога – ассистента.
4	Қасымхан Бекнұр	210228553225	«Ақбота» ересек тобы	№9370 ОНР 1 уровня. Задержка психо-речевого развития Специальная поддержка дефектологом, логопедом в условиях кабинета психолога - педагогической коррекции (КППК)
5	Нұржанұы Рамиль	201022555629	«Ақбота» ересек тобы	№9346 Задержка психо-речевого развития Специальная поддержка дефектологом, логопедом в условиях кабинета психолога - педагогической коррекции (КППК)
6	Нұржанұы Расул	201022555649	«Ақбота» ересек тобы	№ 9345 Задержка психического развития. ОНР1 уровня. Трудности поведения Воспитание и обучение по адаптированной учебной программе дошкольного воспитания и обучения в общеобразовательной дошкольной организаций. Специальная психолого - педагогическая поддержка: дефектологом, психологом, логопедом. Сопровождение педагога – ассистента. 2024-2025 уч год.
7	Ерікқызы Шұғыла	200506602127	«Құлпынай» ересек тобы	№9926 ОНР 1 уровня. Психологическая проблематика Специальная поддержка логопедом в

				условиях кабинета психолого - педагогической коррекции (КППК)
8	Хадиров Ерасыл	200810505603	«Қарлығаш» ересек тобы	№9365 Задержка речевого развития. ОНР 1 уровня Специальная поддержка психологом, логопедом в условиях кабинета психолого - педагогической коррекции (КППК)
9	Маратова Аянат	210821654065	«Балапан» ортаңғы тобы	№9912 Задержка психо- речевого развития с аутистическими проявлениями. Воспитание и обучение по адаптированной учебной программе дошкольного воспитания и обучения в общеобразовательной дошкольной организаций. Специальная психолого - педагогическая поддержка: дефектологом, психологом. Сопровождение педагога – ассистента. 2024-2025 уч год.
10	Амангелді Арайлым	200518602995	«Қарлығаш» ересек тобы	№9928 Задержка психо- речевого развития с аутистическими проявлениями. ОНР 1 уровня. Специальная поддержка дефектологом, логопедом в условиях кабинета психолого - педагогической коррекции (КППК)
11	Серік Махамбет	200831500240	«Қарлығаш» ересек тобы	№10159 ОНР 1 уровня. Интеллект сохранный. Обучение по общеобразовательной учебной программы дошкольного воспитания и обучения в условиях общей группы общеобразовательного детского сада.
12	Оралтаев Арсен	191227504505	«Құлпынай» ересек тобы	№10151 Нарушение общения и социального взаимодействия. Специфическое развитие речи. Обучение и воспитания по индивидуальной учебной программе в условиях общей группы общеобразовательного детского сада. 2) Специальная психолого-педагогическая поддержка: психологом. 3) Сопровождение педагога-ассистента
13	Оралтаева Камила	220501653752	«Балдырған» кіші тобы	№10152 ЗПР с Аутистическими проявлениями Воспитания по индивидуальной учебной программе в условиях общей группы общеобразовательного детского сада.

				Специальная психолого-педагогическая поддержка: психологом.
14	Нұржанқызы Айғаным	220705656210	«Балдырған» кіші тобы	№10150 Задержка психо-речевого развития. Адаптация общеобразовательной учебной программы дошкольного воспитания и обучения в условиях общей группы общеобразовательного детского сада 2) специальная поддержка дефектологом в условиях кабинета психолого - педагогической коррекции (КППК)
15	Талғатқызы Айғаным	210930654266	«Балапан» ортаңғы тобы	№10147 ЗПР. ОНР- 1 уровня. Адаптация общеобразовательной учебной программы дошкольного воспитания и обучения в условиях общей группы общеобразовательного детского сада 2) специальная поддержка дефектологом, логопедом в условиях кабинета психолого - педагогической коррекции (КППК)
16	Көкеш Айша	200725603007	«Қарлығаш» ересек тобы	№10149 ОНР 2 уровня. Интеллект сохранный Обучение и воспитание по общеобразовательной учебной программы дошкольного воспитания и обучения в условиях общей группы общеобразовательного детского сада. 2)Специальная психолого-педагогическая поддержка: логопедом.
17	Ерболатқызы Айзере	200226604627	«Қарлығаш» ересек тобы	№10151 ОНР 2 уровня. Интеллект сохранный Специальная поддержка логопеда в условиях кабинета психолого - педагогической коррекции (КППК)
2025-2026 оқу жылы				
1	Қабдуллаев Ернар	230329555492	«Құлпынай» кіші тобы	№137 Задержка психического развития. Адаптация учебной программы дошкольного воспитания и обучения в условиях общей группы общеобразовательного детского сада 2)специальная психолого - педагогическая поддержка: логопедом, дефектологом в ДОУ, в КППК

2	Марат Әміре	231201553859	«Кұлпынай» кіші тобы	№10480 Задержка психо-речевого развития, с аутистическими проявлениями Специальная психолого-педагогическая поддержка: дефектологом в условиях КППК.
3	Оралтаева Камила	220501653752	«Балдырған» кіші тобы	№10152 Нарушение общения и социального взаимодействия. Специфическое развитие речи. ОНР 1 уровня. Воспитания и обучение по индивидуальной учебной программе дошкольного воспитания и обучения в общеобразовательной дошкольной организации. 2) Специальная психолого-педагогическая поддержка: психологом, дефектологом, логопедом. 3) Сопровождение педагога-ассистента
4	Қасымқан Бекнұр	210228553225	«Айгөлек» ересек тобы	№9370 ОНР 1 уровня. Задержка психо-речевого развития Специальная поддержка дефектологом, логопедом в условиях кабинета психолого - педагогической коррекции (КППК)
5	Нұржанқызы Айғаным	220705656210	«Балдырған» ортаңғы тобы	№10150 Задержка психического развития. ОНР 1 уровня. СДВГ Специальная поддержка логопедом, дефектологом, психологом в условиях кабинета психолог – педагогической коррекции (КППК)
6	Ермеков Нұрислам	210403551071	«Айгөлек» ересек тобы	№9693 Нарушение общения и социального взаимодействия. Специфическое развитие речи. ОНР 1 уровня. Воспитание и обучение по индивидуальной учебной программе дошкольного воспитания и обучения в общеобразовательном детском саду. Специальная поддержка логопедом, психологом, дефектологом в условиях кабинета психолого – педагогической коррекции (КППК) Сопровождение педагога – ассистента.
7	Маратова Аянат	210821654065	«Балапан» ересек тобы	№9912 Нарушение общения и социального взаимодействия. Специфическое развития речи. ОНР 1 уровня. Воспитание и обучение по индивидуальной учебной программы дошкольного воспитания и обучения в условиях общей группы

				общеобразовательного детского сада. Специальная психолого - педагогическая поддержка в условиях КППК. Сопровождение педагогом – ассистентом
8	Талғатқызы Айғаным	210930654266	«Балапан» ересек тобы	№10147 Задержка психического развития. ОНР- I уровня. Адаптация общеобразовательной учебной программы дошкольного воспитания и обучения в условиях общей группы общеобразовательного детского сада. 2)специальная поддержка дефектологом, логопедом в условиях кабинета психолого - педагогической коррекции (КППК)
ПЕДАГОГ-АССИСТЕНТТІҢ СҮЙЕМЕЛДЕУІН ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАР				
4	Маратова Аянат	210821654065	«Балапан» ересек тобы	№9912 Нарушение общения и социального взаимодействия. Специфическое развития речи. ОНР I уровня. Воспитание и обучение по индивидуальной учебной программы дошкольного воспитания и обучения в условиях общей группы общеобразовательного детского сада. Специальная психолого - педагогическая поддержка в условиях КППК. Сопровождение педагогом – ассистентом
5	Ермеков Нұрислам	210403551071	«Айгөлек» ересек тобы	№9693 Нарушение общения и социального взаимодействия. Специфическое развитие речи.ОНР I уровня. Воспитание и обучение по индивидуальной учебной программе дошкольного воспитания и обучения в общеобразовательном детском саду. Специальная поддержка логопедом, психологом, дефектологом в условиях кабинета психолого – педагогической коррекции (КППК) Сопровождение педагога – ассистента.
6	Оралтаева Камила	220501653752	«Балдырған» кіші тобы	№10152 Нарушение общения и социального взаимодействия. Специфическое развитие речи. ОНР I уровня. Воспитания и обучение по индивидуальной учебной программе дошкольного воспитания и обучения в общеобразовательной дошкольной

				организации. 2) Специальная педагогическая психологом, дефектологом, логопедом. 3) Сопровождение педагога-ассистента	психолого-поддержка:
--	--	--	--	--	----------------------

2024-2025 оқу жылында Штаттық кестеге сай 4 бірлікке педагог-ассистент мамандар ЕҚБ балалармен жұмыстарын бастады. Олар: Адылгожина Қызғалдақ Оразғалиқызы, Тлеужанова Алия Багданбековна, Юсупова Айгерим Амантаевна, Шериязданова Жұлдыз Маралбековна.

Адылгожина Қызғалдақ Оразғалиқызы – Ермеков Нұрисламға жетекшілік етті.

Тлеужанова Алия Багданбековна – Маратова Аянатқа жетекшілік етті.

Юсупова Айгерим Амантаевна – Нұржанұлы Расулға жетекшілік етті.

Шериязданова Жұлдыз Маралбековна – Оралтаев Арсенге жетекшілік етті.

Адылгожина Қызғалдақ Оразғалиқызы қаңтар айынан бастап Ермектов Нұрислам тәрбиеленіп отырған «Айгөлек» ортаңғы тобына тәрбиеші қызметіне ауысуына байланысты 1 бірлік тәрбиешілік қызметті және (0,5 бірлік) педагог – ассистент қызметті қоса атқарды. «Айгөлек» ортаңғы тобының тәрбиешісі Калигожина Арайлым Боранбаевна (0,5 бірлік) педагог – ассистент қызметті қоса атқарды. Тлеужанова Алия Багданбековна желтоқсан айынан тәрбиешілік қызметке ауысуына байланысты Маратова Аянат тәрбиеленіп отырған «Балапан» ортаңғы тобының тәрбиешілері Рустемова Ш.Т (0,5 бірлікте) және Қондыбаева А.Қ (0,5 бірлікте) педагог – ассистент қызметін қоса атқарды.

Сонымен қоса ерекше білім беруді қажет ететін балалармен балабақша дефектологы Кәдірбек Ж.С және психолог Мұратова Қ.Б (0,75 қосалқы қызмет) өз кестелеріне сай алып, жеке жұмыстар жүргізеді. Қаңтар айынан бастап Мұратова Қ.Б декреттік демалысқа шығуына байланысты Далабай А.Б жұмысқа қабылданып, жұмыс атқарды.

2025-2026 оқу жылында Штаттық кестеге сай 3 бірлікке педагог-ассистент мамандар ЕҚБ балалармен жұмыстарын атқаруда. Қыркүйек айынан – қаңтар айын дейін Оралтаева Камилаға педагог – ассистент Аянбаева Адема Бериковна жетекшілік етті. Өз өтініші негізінде қаңтар айынан жұмыстан босатылды. Қыркүйек айынан – желтоқсан айына дейін Маратова Аянатқа педагог – ассистент Шериязданова Жұлдуз Маралбековна жетекшілік етті. Желтоқсан айынан бастап өз қтініші негізінде жұмыстан босатылды. Қазіргі таңда ерекше білім беруді қажет ететін тәрбиеленушілермен жұмыс атқаратын педагог – ассистенттер: Кабдиева Гульнур Айтмухамбетовна, Сарсембаева Гульнара Нурдыкалымовна, Рафисова Акерке Рашидовна.

Рафисова Акерке Рашидовна – Ермеков Нұрисламға жетекшілік етеді.

Кадбиева Гульнур Айтмухамбетовна – Маратова Аянатқа жетекшілік етеді.

Сарсембаевна Гульнара Нурдыкалымовна – Оралтаева Камилаға жетекшілік етеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптары толығымен сақталып, тәрбие мен оқыту мерзіміне

қойылатын талаптар негізінде үлгілік оқу бағдарламасының мазмұны толық игерілді.

Қорытынды: Білім беру ұйымында мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптар сақталды. Жас топтары толықтыруының сәйкестігі **100%** -ды қамтиды. Мемлекеттік тапсырысқа толық сұраныс бар.

4. ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС БОЙЫНША ӨЗІНДІК ТАЛДАУ

Жұмыс оқу жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттің жалпыға міндетті стандартының талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкестігі:

ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» педагогтарының құзіреттілігін арттырудағы басқару және әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру балабақшаның жылдық жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырылады.

Балабақша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасымен жұмыс жасайтын болғандықтан тәрбиешілерді әдістемелік даярлау мәселесі үлкен еңбекті, білікті ойды, шығармашылық әрекетті қажет етеді.

Әдістемелік жұмыс Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің заңнамалық және нормативтік құжаттарымен, балабақша жарғысымен және Мектепке дейінгі ұйымның жергілікті құжаттарымен тұжырымдалған. Мекеменің педагог қызметкерлерінің өздігінен білім алу табыстылығы әдістемелік қызметтің қолдауы мен төмегіне тікелей тәуелді болады, оның негізгі мақсаты: Мектепке дейінгі мекеме рейтингін көтеру және сапалы біліммен қамтамасыз ету мақсатында педагогтардың кәсіби біліктілік көтеруге жағдай жасау.

Әдістемелік жұмыс төмендегідей жұмыс бағыттары негізінде атқарылады:

- білім беру стандартын жүзеге асыру, бала қиялын дамыту негізінде жұмыс істеу жағдайындағы педагогтар іс-әрекетінің ғылыми-әдістемелік тұрғыда қамтамасыз етілуінің тиімділігі;
- мектепке дейінгі кезең балаларының шығармашылық дағдыларын мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес дамыту мәселелерінің теориялық негіздері;
- ойын арқылы балалардың жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу;
- балалардың ойын әрекетіне деген әмбебап психологиялық алғы шарттарын қалыптастыру мақсатын әрбір балалармен бірлескен іс-әрекетте жүзеге асыру;
- бірлескен іс-әрекетті ойын түрінде, кіріктіре ұйымдастыру ерекшелігі;
- бірлескен іс-әрекетті ойын формасы негізінде ұйымдастыру ерекшелігі;

Осы бағыттар негізінде жылдық жоспарға сай 5 педагогикалық кеңес, 4 әдістемелік кеңес қажетті дайындықпен мерзіміне сай өткізілді. Педагогикалық кеңестерге дайындық барысында мекеменің барлық педагог қызметкерлері мемлекеттік стандарттың жалпы ережелері мен талаптарын жүзеге асырды.

Балабақшадағы әдістемелік жұмыстардың ең тиімді формалары семинарлар, тренингтер, дөңгелек үстел, шеберлік сыныптар, семинар-тәжірибелер. Бұл жұмыс түрлері педагогтардың кәсіби шеберліктерін арттыруға, шындауға

көмектеседі, барлық тәрбиешілердің белсенді қатысуы көзделеді. Семинарлар, тренингтер апта сайын меңгеруші жанындағы жедел және әдістемелік кеңесуде жалғасын тауып жатты. Өткізілген семинарларда алынған тапсырмалар баланың деңгейінде емес, үнемі педагогтарды ойландыруға, оймен әрекет етуге негізделіп отырды.

Сондықтан әр семинар педагогтар үшін жаңалыққа толы деп айтуға болады. Сонымен қатар «Күршім ауылының балабақша»-сында білім беру мен тәрбие жұмысын ұйымдастыруда басшылыққа алатын ең жоғарғы ұйым – педагогикалық кеңес.

Бүгінгі күні педагог қызметкерлердің қабілетін дамыту және оларды іскерлік тұрғыда пікір сайысқа тарту үшін дәстүрден тыс қазіргі заманға сай, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын ескере отырып, әр түрлі формада жүзеге асырылды.

Балабақшаның жылдық жұмыс жоспарына әдістемелік қызметтің негізгі бағыттары айқындалады. Педагогикалық ұжымның қызметі әдістемелік ұйымдастыруға бағытталған жұмыс оқу жоспарын қамтамасыз ету және оқу үдерісінің сапасын бақылау.

Әр оқу жылдарына жылдық жоспар жасалып, №1 педагогикалық кеңесте бекітіледі.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары» -на (*ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 2 шілдедегі № 317 бұйрығына – қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығы*) және Мектепке дейінгі ұжымның жылдық жоспарларына сәйкес 2023-2024, 2024-2025 оқу жылында 5 педагогикалық кеңес, 2025-2026 оқу жылының мамыр айына дейін жоспарлы түрде 4 педагогикалық кеңес өткізілді.

Сонымен қатыр «Әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңес қызметі және оны сайлау тәртібінің үлгі ережесіне (*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 21 желтоқсандағы N 644 бұйрығы*) сай 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында әдістемелік кеңес өткізілді.

Балабақша Қазақстан Республикасы Үкіметінің Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, нормативтік құжаттарды негізге ала отырып жұмыс жасады.

Балабақшаның оқу жұмыс жоспарын жасауда төмендегі нормативтік-құқықтық актілер басшылыққа алынды:

- «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Заңы;
- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР ОАМ 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы),
- «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы),

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы)

- «Мектепке дейінгі ұйымдармен және сәбилер үйіне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы «09» шілдедегі № 59 бұйрығы)

- «ҚР мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында оқу жылында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы» Әдістемелік нұсқаулық хаты (2023-2024, 2024-2025, 2025-2026).

2023-2024 оқу жылындағы педагогикалық жұмыстың негізгі мақсаттары мен міндеттері.

Мақсаттары:

Физикалық қасиеттерді дамыту: денсаулық сақтауда ұлттық спорттық ойындарды қолданып, балалардың денсаулықтарын нығайту.

Коммуникативтілік дағдыларды дамыту: балалардың қарым-қатынас дағдыларын игеруін қалыптастыру, ана тіліне сүйіспеншілікке тәрбиелеу, әлеуметте еркін сөйлеуін дамыту.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту: баланың қоршаған ортамен өзара іс-қимыл жасаудағы қажетті танымдық іс-әрекеттерді, ұлттық зияткерлік ойындар арқылы математикалық және логикалық ойлаудың қарапайым дағдыларын меңгерту.

Шығармашылық, зерттеу дағдыларын дамыту: қоршаған ортаны бейнелі қабылдауда қиялдауды, ойлауды дамыту, шығармашылық қабілеттерді, эстетикалық талғамды ұлттық бағытта қалыптастыру.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту: балаларды мәдени-әлеуметтік нормаларға, отбасы, мен қоғам дәстүрлеріне баулу.

Міндеттері:

- ✓ Таза ауада қимылды ойындар арқылы балалардың дене қозғалысының белсенділігін арттыру, дене шынықтыру шараларының сапасын көтеруді жалғастыру.
- ✓ Отандық дамытушы құралдарымен ауыз екі және байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту.
- ✓ Барлық топтарда балаларды табиғи орта негізінде өсімдіктер мен жануарлар әлемімен таныстыру. Санау салыстыра ойлау қабілеттерін Интеллектум және бестемше ойындары арқылы дамыту.
- ✓ балалардың еркін түрде шығармашылық іс-әрекетін дамыту, эстетикалық талғамын шыңдау.
- ✓ қоғамда өзін-өзі ұстай білудің адамгершілік және мінез-құлық нормаларын меңгертіп, «Ұлттық мәдениет» жайлы түсініктерін кеңейту.

Алдыға қойылған мақсат – міндеттерді орындау мақсатында төмендегідей педагогикалық кеңестер мен әдістемелік кеңестер жоспарланып өткізілді.

№1 педагогикалық кеңес

Тақырыбы: 2023-2024 оқу жылында педагогтардың қызметін ұйымдастыру.

Мақсаты: Нормативтік – құқықтық құжаттама туралы педагогтердің білімін жүйелеу және жылдық міндеттерді шешуде әрбір педагогтің орнын анықтау, тәрбие – білім процесі әрекетінің нәтижелілігін және тиімділігін арттыру үшін ұжымның күш – жігерін біріктіру.

№2 педагогикалық кеңес

Тақырыбы: «Тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері»

Мақсаты: тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтармен негізгі қағидаларды анықтау және үнемі назарда ұстау.

№3 педагогикалық кеңес

Тақырыбы: Ұлттық мәдениеті мен дәстүрлері арқылы рухани – адамгершілігі мол жас тұлғаны тәрбиелеу.

Мақсаты: Балалардың бойындағы ұлттық сана- сезімін, саяси сауаттылығын ояту маңыздылығын түсіну, рухани - адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың бағытын анықтау, өз еліміздің даму тарихы туралы танымдарын қалыптастыру.

№4 педагогикалық кеңес

Тақырыбы: «Балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту»

Мақсаты: Балалардың жас ерекшеліктері ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастырудың тиімді жолдарын қарастыру, әдіс – тәсілдерін айқындау.

№5 педагогикалық кеңес

Тақырыбы: «Оқу жылындағы балабақшаның қорытынды жұмысы»

Мақсаты: Мамандардың, тәрбиешілердің жыл бойына атқарған жұмыстарының есесбін тыңдау, талдау. Тәрбие және оқыту жұмысының шешіміне баға беру, жетістіктер мен шешілмеген мәселелерді анықтау.

Әдістемелік кеңес №1

Тақырыбы: Педагогикалық қызмет барысында тәрбиеленушілерге жүйелі білім беру.

Жүргізілу түрі: Дөңгелек үстел

Әдістемелік кеңес №2

Тақырыбы: Жаңа әдіс-тәсілдерді оқыту мен тәрбиелеу процесінде тиімді қолдану арқылы нәтижеге жету.

Жүргізілу түрі: конференция

Әдістемелік кеңес №3

Тақырыбы: Баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту

Жүргізілу түрі: Пікірталас

Әдістемелік кеңес №4

Тақырыбы: Жылдық тәрбиелеу мен оқытуда бағдарламаның жүзеге асуы

Жүргізілу түрі: дөңгелек үстел

Педагогикалық кеңестер мен әдістемелік кеңестер жыл көлемінде жоспарланған уақытта ұйымдастырылып, өткізілді. Құжаттар жинақталған.

2024-2025 оқу жылындағы педагогикалық жұмыстың негізгі мақсаттары мен міндеттері:

- ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, қазақ тілін меңгеруге ынталандыру;
- МДҰ мен ата-аналар қауымдастығының ықпалдастығын нығайту, «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Жас аналар мектебі» әлеуметтік институтын дамыту;
- Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз және жайлы орта құру;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу;
- Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет дамыту.

2024-2025 оқу жылындағы педагогикалық жұмыстың негізгі мақсаттары мен міндеттері:

- ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, қазақ тілін меңгеруге ынталандыру;
- МДҰ мен ата-аналар қауымдастығының ықпалдастығын нығайту, «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Жас аналар мектебі» әлеуметтік институтын дамыту;
- Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз және жайлы орта құру;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу;
- Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет дамыту.

2024-2025 оқу жылында төмендегідей педагогикалық кеңестер мен әдістемелік кеңестер жоспарланып, өткізілді.

№1 педагогикалық кеңес

Тақырыбы: «Аталар, аналар, әжелер мектебінің маңызы»

Мақсаты: әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынас орнату;

- балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру;

№2 педагогикалық кеңес

Тақырыбы: «Тәрбие – ұрпақты биік мұратқа жетелейтін сапалы білімнің тұғыры»

Мақсаты: мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбие мен сапалы білім берудің өзара байланысын айқындау. Ұрпақты биік мұратқа жетелейтін құндылықтарға негізделген тиімді педагогикалық әдіс – тәсілдерді жетілдіру.

№3 педагогикалық кеңес

Тақырыбы: «Жарты жылдық жұмыстың қорытындысы»

№4 педагогикалық кеңес

Тақырыбы: «Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет»

Мақсаты: баламалы энергия көздерін, су ресурстарын үнемдеу және сақтау, оларды тиімді пайдалануға (су, ауа, күн энергиясы) баулу;

№5 педагогикалық кеңес

Тақырыбы: «2024-2025 оқу жылының қорытындылары».

Мақсаты: Балабақшаның оқу тәрбие жұмысының жағдайын анықтау, келесі оқу жылының жұмыс бағытын белгілеу.

Әдістемелік кеңес №1

Күн тәртібінде:

1.- Перспективалық жоспарын талқылау;

-Циклограмманы талқылау

2. Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті түрлерінің тақырыптық жоспарын талдау

Ағымдағы мәселелер.

Әдістемелік кеңес №1

1.- Перспективалық жоспарын талқылау;

-Циклограмманы талқылау

2. Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті түрлерінің тақырыптық жоспарын талдау

Ағымдағы мәселелер.

Әдістемелік кеңес №2

Күн тәртібінде:

1. тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру, балаларды дамыту әдістемелері, дидактикалық материалдарды қолдану бойынша жеке консультациялар беру(Әдіскер)

2. Ашық есік күндерін ұйымдастыру мен өткізу бойынша ұсынымдар беру

Ағымдағы мәселелер.

Әдістемелік кеңес №3

Күн тәртібінде:

1. Балабақшада мерекелерді ұйымдастыру бойынша ұсынымдар беру

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу бойынша ұсынымдар

Әдістемелік кеңес №4

Күн тәртібінде:

1. Мектепке дейінгі ерте жастан дамытудың негіздері баяндама тәрбиеші Морланг К.В

2. Мониторинг нәтижелерін алу әдістері

«Баланың дамуының жеке картасы»; толтыру бойынша есеп. Тәрбиеші Рустемова Ш.Т

2025-2026 оқу жылындағы педагогикалық жұмыстың негізгі мақсаттары мен міндеттері:

Мақсаты: 2025-2026 оқу жылындағы мектепке дейінгі оқу – тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру жолдарымен, мектепке дейінгі білім берудегі инновацияларды оқу – тәрбие жұмыстарында тиімді қолдана білу.

Міндеттері:

- Ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру, қазақ тілін меңгеруге ынталандыру;
- «Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыруда тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз және жайлы ортаның құрылуының маңыздылығы»
- Өңірлік ерекшеліктер мен климаттық өзгерістерді ескере отырып, «Жасыл балабақша» жобасын экологиялық білім беру және экологиялық мәдениетті қалыптастыру;

- МДҰ мен ата – аналар қауымдастығының ықпалдастығын нығайту, «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Жас аналар мектебі» әлеуметтік институтын дамыту;
- Балабақшада ұлттық ойындардың әр түрлі элементтері арқылы бүлдіршіндердің ой – өрісін, шығармашылық білімдерін дамыту.

Төмендегідей педагогикалық кеңестер мен әдістемелік кеңестер жоспарланып, өткізілді.

2024-2025 оқу жылында балабақшаның ағымдағы жөндеу жұмыстары мамыр айының аяғында басталғандықтан (балабақша қашасының ауыстыру жұмыстары) балабақша жұмысы мамыр айының 23- күні аяқталды. Осы жылғы циклограммалар мамыр айының 24-не дейін ұсынылды.

№1 педагогикалық кеңес

Тақырыбы: «2025–2026 оқу жылындағы балабақшаның тәрбие-білім беру жұмысының басым бағыттары»

Мақсаты: «Жаңа оқу жылында тәрбие мен оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыру»

№2 педагогикалық кеңес

Тақырыбы: STEAM технологиясын топтарда қолдану «Дидактикалық ойындар»

Мақсаты: STEAM технологиясын қолдана отырып, балалардың танымдық құзыреттіліктерін арттыру, білуге және шығармашылыққа құштарлықтарын ояту.

№3 педагогикалық кеңес

Тақырыбы: «Оқу жылының бірінші жарты жылдығына есеп беру».

Мақсаты: Үлгілік оқу бағдарламасын игерудегі балалардың біліктілік дейгейлеріне талдау жасап, дамыту жолдарын анықтау.

№4 педагогикалық кеңес

Тақырыбы: «STEAM технологиясы арқылы балаларды жан-жақты дамыту, шығармашылық қабілеттерін арттыру».

Мақсаты: Балалардың танымдық, шығармашылық қабілеттерін дамытуда STEAM технологиясының тиімділігін арттыру, педагогтердің кәсіби біліктілігін жетілдіру.

№5 педагогикалық кеңес – мамыр айына жоспарланған.

Әдістемелік кеңес №1

Күн тәртібі:

1. Жаңа оқу жылындағы мақсаттар мен міндеттерді нақтылау
2. Оқу бағдарламасындағы өзгерістермен таныстыру
3. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру жолдарын айқындау, «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарын іс-шараларда интеграциялау
4. «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК-нің педагогтерінің әдістемелік құралдарына сараптама жасау .

Әдістемелік кеңес №2

Күн тәртібі:

1. Мектепке дейінгі жастағы балалармен тіл дамыту және сауат ашу жұмысын жетілдіру жолдарын айқындау.
2. Тілдік ортаны қалыптастыру ерекшеліктерін қарастыру.
3. Дыбыспен жұмыс, сөздік қорды байыту әдістерін талдау.

Әдістемелік кеңес №3

Күн тәртібінде:

1. Балабақшада мерекелерді ұйымдастыру бойынша ұсынымдар беру.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізу бойынша ұсынымдар
3. Ағымдағы мәселелер

Әдістемелік кеңес №4**Күн тәртібінде:**

1. Ойын арқылы баланың шығармашылық қабілетін дамыту жолдары
2. Танымдық, қимылды, сюжеттік ойындарды ұйымдастыру және талдау
3. Ойын ортасын құрудың тиімді тәсілдері.

Педагогикалық кеңестер мен әдістемелік кеңестер жыл көлемінде жоспарланған уақытта ұйымдастырылып, өткізілді. Құжаттар жинақталған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына және білім беру бағдарламасына вариативті сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру «Күршім ауылының балабақшасы»-нда 2024-2025 оқу жылының бағдарламаға сәйкес вариативтік компонент жұмысы жүргізілді. 2024-2025 оқу жылының қаңтар айынан бастап бейнелеу өнері педагогі штаты берілгеніне байланысты тәрбиеші Бердаулетова Г.К (0,25 бірлікте) қосалқы қызмет атқарды. 2024-2025 оқу жылының қаңтар айынан бастап 2 ересек топтармен вариативті білім беру қызметі жүзеге асты. Баланың интеллектуалды дамуына оң әсерін береді. Мектеп жасына дейінгі балалардың психикалық процестерін түзетеді, кеңістіктік ойлауды дамытады, өз ойларын еркін білдіруге үйретеді, эстетикалық сезімдерді, бейнелеу дағдылары мен қолдың ұсақ моторикасын дамытады. 2024-2025 оқу жылына арналған вариативтік компонент бойынша ұйымдастырылуы:

Ересек топта вариативтік компонент – аптасына бір рет «Сиқырлы саусақтар» шығармашылық шеберханасы;

2025-2026 оқу жылының қыркүйек «Балапан» ересек тобы, «Айгөлек» ересек тобы, «Балдырған» ортаңғы топтарында, 2025-2026 оқу жылының қаңтар айынан «Қарлығаш» ортаңғы тобында вариативтік компонент жұмысы жүргізілді.

Ересек топта вариативтік компонент – аптасына бір рет «Сиқырлы саусақтар» шығармашылық шеберханасы;

Ортаңғы топта вариативтік компонент – аптасына бір рет «Сиқырлы саусақтар» шығармашылық шеберханасы.

Тәрбиелеу - білім беру процесі:

- перспективалық жоспарға;
- циклограммаға;
- күн тәртібіне;
- ұйымдастырылған іс-әрекет кестесіне;
- тәрбиеленушілердің білімін бағалауына сәйкес бала дамуының

мониторингі негізінде жүзеге асырылды. Педагог ұйымдастырылған іс-әрекеттің Перспективалық жоспарын әзірлейді, апта сайын тәрбиелеу-білім беру процесінің Циклограммасын мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттар болып табылады.

Перспективалық жоспарды Үлгілік жоспарлар мен Үлгілік бағдарламаға сәйкес жас тобында жұмыс істейтін тәрбиешілер мен педагогтер (қазақ тілі

педагогі, дене тәрбиесі нұсқаушысы, музыка жетекшісімен) бірлесіп жасайды.

2023-2024 оқу жылында ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестеге сәйкес перспективалық жоспар, циклограмма, тәрбиеленушілердің дамуы мониторингісі және жеке даму карталары топ тәрбиешілерімен қоса педагогтер (музыка жетекшісімен) құрастырды.

2023-2024 оқу жылында қазақ тілі педагогі, дене тәрбиесі нұсқаушысы штаты болмағандықтан тәрбиешілердің өздері аталмыш дағдыларды қамтамасыз етіп отырған.

2024-2025 оқу жылында да біліктілік талаптарына сай «қазақ тілі педагогі» жетіспеушілігі болды. Қазақ тілі ұйымдастырылған іс – әрекетінің міндеттерін топ тәрбиешілері жыл көлемінде қамтамасыз етіп отырды.

Циклограмма әр апта сайын жасалады, ол балаларды қабылдаудан, балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлерін (ойын, танымдық, коммуникативті, шығармашылық, эксперименттік, еңбек, қозғалыс және т.б.), серуендеуден, күндізгі ұйқыдан және балалардың үйге қайтуына дейінгі барлық режимдік сәттердің орындалуын қамтамасыз етті.

Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылды.

Тәрбиешілердің, педагог-мамандардың кестесі, перспективалық жоспарлауы оқу жұмыс жоспарына сәйкес жасалды.

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдары балабақшаның топтарында ұйымдастырылған іс-әрекеттерді тәрбиешілер, педагог-мамандар бекітілген кестеге сәйкес, апталық жүктемені және өткізу ұзақтығын сақтай отырып жүргізді. Балалармен ұйымдастырылған іс-әрекеттерді ұйымдастыру кезінде мектепке дейінгі үлгілік оқу бағдарламасы пайдаланылды.

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында тәрбие-білім беру үдерісін ұйымдастыру кезінде педагогтар төмендегі қағидаттарға бағдарланды:

- ойын арқылы оқыту;
- балалар іс-әрекетінің түрлерін интеграциялау арқылы балаларды дамыту (ойын, қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, эксперимент, балалардың өзіндік іс-әрекеті, өзіне-өзі қызмет көрсету).

Тәрбиешілер тәрбие барысын жоспарлау кезінде балалар іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі формаларының, әдістері мен тәсілдерінің өзгергіштігі мен қолданылуын ескерді.

Тәрбие - білім беру барысын ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің мүдделері, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескерілді.

Педагог мамандар бекітілген кестеге сәйкес, апталық жүктемені және өткізу ұзақтығын сақтай отырып жүргізді. Мамандардың кестесі, перспективалық жоспарлауы оқу жұмыс жоспарына сәйкес жасалды.

Тәрбиелеу-білім беру үрдісін ұйымдастырудың тағы бір бағыты – МДҰ психологиялық, логопедиялық және дефектологиялық жұмыстар.

Психологиялық жұмыс, бала дамуын психологиялық және педагогикалық тұрғыдан сүйемелдеуінен:

- мектепке дейінгі ересек балалардың қызығушылық бағыттарын зерттеу;
- шығармашылық ойлаудың даму деңгейін зерттеу;
- балалар ұжымының дамуы, олардың бірлескен іс-әрекет барысындағы қарым-қатынас жасау ерекшелігіне теориялық және қолданбалы зерттеу;
- білім берудің өтпелі кезеңдеріндегі балалардың интеллектуалдық және жеке тұлғалық даму деңгейі мониторингі;
- тәрбие мен білім беру үрдісінің әрбір кезеңінің нәтижесін анықтау;
- түзету немесе ақыл-ойымен жеке тұлғалық дамуында психотерапияны қажет ететін балаларды анықтау, олармен жеке жұмыс;

Педагогтар кәсіби құзырлығы мониторингі:

- педагогтың біліктілік мінездемесі моделін, оның кәсіби деңгейін қадағалау әдісін енгізу;
- педагогтардың зерттеу әрекетін игеру негізіндегі білімі мен біліктіліктерінің өсу деңгейін анықтау;

2023-2024 оқу жылында МДҰ психолог - дефектолог Курмангалиева А.Қ сәуір айынан декреттік демалысқа кетуіне байланысты құжаттары сәуір айына дейін ұсынылды.

2024-2025 оқу жылынан бастап психолог лауазымы бойынша 0,75 бірлікте - Мұратова Қ.Б қосалқы қызметкер ретінде жұмысқа тартылды. Қаңтар айынан бастап толық бірлікке штаттық қызметкер Далабай А.Б жұмысқа қабылданды.

2025-2026 оқу жылында толық бірлікте штаттық қызметкер Далабай А.Б. жұмыс атқаруда.

Сондай ақ штаттық кестеге сай 2023-2024 жылы логопед лауазымы қарастырылмаған.

2024-2025 жылы 0,5 бірлікте логопед штаты ашылды. Бірақ маман тапшылығына байланысты бос ваканцияны көрсетті.

2024-2025 жылы 1 бірлікте дефектолог штаты ашылып, штаттып қызметкер Кәдірбек Ж.С жұмысқа қабылданды.

2025-2026 оқу жылына толық бірлікте штаттық қызметкер Кәдірбек Ж.С жұмыс атқаруда.

Балабақша-бөбекжайының отбасымен бірлескен іс-әрекетіне талдау

«Күршім ауылының балабақшасы» -ның отбасымен бірлескен іс-әрекетіне талдау жасайтын болсақ, білім беру үрдісіндегі қарым-қатынас - бұл саналы және саналанбаған вербалды байланыс, ақпарат алу мен беру, оның өзі барлық жерде және үнемі байқалып отырады.

Ата-аналармен өзара әрекеттестік:

- Конференция;
- Дөңгелек үстел
- Тренингтер мен отырыстар;
- Кеңестер.
- Іскерлік ойындар

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарында жылдық жоспарға сай

топтық, бақшаішілік ата-аналар жиналыстары өткізіліп, түрлі кеңестер берілді.

Жыл көлеміндегі жоспарға сай өткізілетін мерекелік ертеңгіліктерге де атсалысып отырды. Сонымен қатар ашық есік күндері, акциялар, спорттық сайыс ойындар да жоспарға сай жүргізілді. Атап айтар болсақ:

2023 -2024 оқу жылының қазан айында жоспарланған *Кіші топ*: «Бейімделу – бала үшін жаңа ортадағы қршаған адамдар, күн тәртібі, жаңа ережелер, белсенді әлеуметтену»; *ортаңғы топ*: «Бала ағзасының дұрыс дамып жетілуіне тамақтанудың беретін ықпалы және оны екі жақты қолданудың маңызы»; *ересек топ*: «Баланың дербес әрекет ету мүмкіндіктерін жетілдіру» тақырыптарында, желтоқсан айында кіші топ: «Бала тілінің дұрыс дамуы мен тіл байлықтарының кеңеюіне кері әсер беруші ебептер мен олардың салдары»; ортаңғы топ: «Әлеуметтік ортадағы бала мінез – құлқын жақсы әдеп пен мәдениеттілік әдетіне дағдыландырудың педагогикалық – психологиялық жағдайлары»; ересек топ: «Үлкендерге құрмет пен кішіге ізет көрсетуге тәрбиелеудің мектепке дейінгі кезеңде жүзеге асырудың ерекшелігі» тақырыптарында, мамыр айында *кіші топ*: «Бала денсаулығы мен амандығын сақтау үшін туғызылатын техникалық қауіпсіздік жағдайлары»; *ортаңғы топ*: «Бал тәрбиесіндегі отбасы және балабақша бірлестігінің қауіпсіз шараларын туғызудың байланысы»; *ересек топ*: «Баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыруда, олардың ойлау қабілеттерін дамытып, қызығушылықтары мен икемділіктерін арттырудың маңыздылығы» топтық ата-аналар жиналыстары өтілді. «*Балалардың жаңа әлеуметтік ортаға бейімделуі*», «*Келіңіз, танысайық!*», «*Сұраныз жауап береміз*» тақырыптарында жалпы бақшаішілік ата-аналар жиналысы өткізілді. Сондай – ақ «*Аналар, әжелер мектебі*», «*Әкелер мектебі*» жоспары бойынша ай сайын ата – аналармен іс – шаралар жоспарланып өткізіліп отырады. «*1- қазан – Қарттар күні*» мерекесіне орай ата- апаларын құттықтау (бейнеролик), «*Биіші балақай*» сахналық би сайысы, «*Әжемнің ертегісі*» іс – шара, «*Өнегелі ана, өнерлі қыз*» сайысы, «*Әкелермен бірге қолөнер бұйымдар жасау*» (бейнеролик), «*Әке – асқар тау*» дөңгелек үстел, «*Менің отбасым*» (бейнеролик байқауы) шаралар өткізілді.

2023-2024 оқы жылында балабақшаның аталмыш жылдағы жетістіктерінің бірі, ол қазан айында “*Мектепке дейінгі мекемелерде пәндік -кеңістік, дамытушы ортаны ұйымдастырудағы заманауи тәсілдер*” тақырыбындағы облыстық семинар-практикум ұйымдастырып, өткізілді. Семинарда стандарт талаптарына сай заттық дамытушы ортаны балалардың өмірілік дағдыларын дамытудың қайнар көзі ретінде жабдықтап, балалармен іс – әрекеттің ұйымдастырылуы көрсетілді. Бұл жерде де ата-аналардың жоғары белсенділікпен атсалысқандықтарын айтып өтуге болады. Осы жылдың ақпан айында әкелермен бірге «*Әке – асқар тау*» семинар – практикум өткізілді. Семинарға 50 әке қатысты. Семинар барысында әкелерге түрлі ситуациялық сұрақтар қойылып, іскер ойындар ойнатылды. Әкелер белсене қатысып «*Отбасындағы әкенің рөлі*», «*Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі*» тақырыбында өз ойларын ортаға салып, талқылауға белсенді қатысты.

2024-2025 оқу жылының қазан айында *Кіші және орта топтар*: «Бала тәрбиесі баршаға ортақ»; *ересектер тобы*: «Балабақша мен отбасының әлеуметтік серіктестігі» тақырыптарында, желтоқсан айында *кіші және орта топтар*: «Балаңыздың тәрбиесіне қаншалықты көңіл бөлінеді?!», *ересектер тобы*: «Балабақша-барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы» тақырыптарында топ жиналыстары өткізілсе, мамыр айында *кіші және орта топтар*: «Бала өмірінің қауіпсіздігінің маңызы», *ересектер тобы*: «Жазғы демалысты ұйымдастыру-балалардың денсаулығын нығайтудың негізі» тақырыбында ата –аналар жиналысы өткізілді. Сонымен қатар жалпы балабақшаішілік *«Ата-анамен тәрбиеші арасындағы қарымқатынас мәселесі, балалардың жеке дағдыларын қалыптастыру»*, *«Ата –аналармен жылдық қорытынды»* жиналыстарын өткізілді. Сонымен қоса *«Қазақстан – Республикам менің!»*, *«Менің отбасым»*, суреттер көрмесі ұйымдастырылды.

Сонымен қатар жоспардан тыс ата-аналар комитеті мен қамқоршылық кеңес жиналыстары өткізіліп, балабақшаның тыныс-тіршілігі қаралды. Топтардағы кітап бұрышын жаңарту мақсатында *«Кітап сыйла»* акциясы еркін түрде жүргізілді. Дене тәрбиесі нұсқаушысы Мусина З.Н ұйымдастыруымен *«Әкем және Мен»* отбасылық сайысы ересектер топ балалары мен ата-аналары арасында өткізілді. Барлық қатысушылар мекеме меңгерушісі атынан алғыс хатпен марапатталды.

Сонымен қоса жыл көлемінде ұйымдастырылған *«Алтын күз»*, *«Жаңа жыл»*, *«8-наурыз халықаралық аналар күні»*, *«Әз, Наурыз»*, *«9 - мамыр жеңіс күні»*, *«Қош бол, балабақшам»* атты мерекелік ертеңгіліктер өз деңгейінде өткізілді.

2025-2026 оқу жылында жоспарға сай қыркүйек айында *Кіші және орта топтар*: «Балалардың балабақшаға бейімделуі», *ересектер тобы*: «Ата-ана арасындағы қарым-қатынастың бала психикасына әсері». тақырыптарында, желтоқсан айында *кіші және орта топтар*: «Балаңызға қандай ойыншықтар керек ?», *ересектер тобы*: «Ата-ананың бала алдындағы беделі» тақырыптарында топ жиналыстары өткізілсе, мамыр айында *кіші топтар*: «Біз бірге өстік, бірге үйрендік», *ортаңғы топтар*: «Бала жетістігі – ортақ еңбек жемісі», *ересектер тобы*: «Баланың мектепке даярлығы: нәтиже және ұсыныстар» топтық ата-аналар жиналысы өткізілсе, қазан айында *«Жемістер шеруі»* форматында *«Күз мерекем, күз берекем»* жәрмеңкесі өткізілді. Жәрмеңкеге 6 топтың ата-аналары белсене қатысты. Әр топ тандалған жеміске байланысты командалық ат қойып, эмблемаларын қорғап, өнерлерін көрсетіп белсенділік танытты.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жыл көлемінде күн сайын *«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»*, *«Өнегелі 15 минут»*, *«Үнемді тұтыну»*, *«Күй күмбірі»* , *«Апта дәйексөздері»*, *«Қауіпсіздік сабағы»* шаралары апта сайын топтардың циклограммаларында жоспарланып өткізіліп отырады. Әлеуметтік жобалар бойынша *«Күзгі асар»* жәрмеңкесі, *«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз»*

жапырақтардан бейне жасау көрмесі ұйымдастырылып өткізілді. «Елімнің көркем бейнесі – табиғат аясында өлең оқу», «Тату отбасы», «Адалдық айнасы», «Менің ойыншығым» қалдық заттардан ойыншықтар жасау, «Ауламызды жинаймыз» челленджер өткізілді. «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік», «Тәуелсіздік және отаншылдық», «Әділдік және жауапкершілік», «Бірлік және ынтымақ», «Заң мен тәртіп», «Жасампаздық және жаңашылдық» ата – аналарға арналған кеңестер өткізілді.

Сонымен қоса МДҰ медбикесімен бірлескен түрде «Мектеп жасына дейінгі балаларда салауатты өмір салты қажеттіліктерін қалыптастыру: ауру түрлерін талдау, балалардың балабақшаға ай сайынғы келуіне қорытынды жасау» тақырыптары бойынша талқыланып, қамқорлық кеңесі мүшелерімен кеңесу өткізілді. Балалардың рационалды тамақтануын қадағалау мақсатында 10 күндік ас мәзірінің бала денсаулығына тиімділігі (талдау, саралау) бойында брокераждық комиссия құрылып, бұйрықпен бекітілді.

Жылдық жоспарға сай ата-аналармен ынтымақтастық әрі қарай жалғасуда.

Ата-аналармен біріккен жұмысты әрі қарай жандандыру мақсатында мынадай міндеттер қабылданды:

- Адал Азамат «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында балаларды Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға бағытталған тәрбиелік іс-шаралар;

- Балаларға арналған танымдық-тақырыптық мерекелік іс-шараға ат салысу.

- «Буллинг – себептері және оның алдын алу» тақырыбында ата-аналар сауаттылығын көтеру.

- «Instagram» желісіне салынған іс-шараларға қолдау көрсету, пікір қалдыру.

Балалардың денсаулығын нығайту бойынша атқарылған жұмыстарға талдау

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК 2024-2025 оқу жылында жылдық жоспардың «Балалардың өмірі мен денсаулық қауіпсіздігі» бөлімінде көрсетілген іс-шаралар арқылы жүзеге асырылған.

Атап айтар болсақ:

- Ойын алаңдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Қызметкерлер мен балаларға өрт қауіпсіздігі бойынша тұрақты оқытуды өткізу;
- Қауіпсіз жүру жолдарын ұйымдастыру;
- Балаларға жол жүру ережесін үйрету;
- Үнемі эвакуациялау жаттығуларын өткізу;
- Балалардың серуендеу кезінде ересектердің еріп жүруін қамтамасыз ету;
- ұйымдастырылған іс-әрекет қызметтерін, серуендеуді, ұйқы, тамақ ішуді ұйымдастырудағы міндетті түрде күн тәртібін сақтау;
- барлық топтарда желдету кестесін сақтау;

- барлық топтарда су ішу тәртібін сақтау;
- Қызметкерлерге алғашқы медициналық көмек көрсету ережелерін үйрету;
- нүктелі массаж жасау, шынығу элементтерін күнделікті қолдану.

Спорттық іс- шаралар өткізу;

- Тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
- Тамақ өнімдерін гигиеналық өңдеуге жағдай жасау.
- Қызметкерлерді тамақты сақтау және дайындау ережелеріне үйрету.
- Тұрақты санитарлық тексерулер жүргізу;
- Өрт қауіпсіздігіне түсіндірме жұмыстарын жүргізу
- Эвакуациялау жұмысары.

Балалардың денсаулығын нығайту:

1. «Дене тәрбиесі» ұйымдастырылған іс-әрекеті;
2. «Денсаулық күніне» арналған іс-шаралар;
3. Ойын-сауық шаралары;
4. Медико-педагогикалық бақылау;
5. Күнделікті күн тәртібі;
6. Рационалды тамақтандыру.
7. Мектепке дейінгі балалардың өмірін қауіпсіздендіру бағытындағы жұмыстар негізінде жүзеге асырылды.

Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында педагог қызметкерлер балалардың дене бітімінің дұрыс дамып қалыптасуына және олардың өз-өздеріне қызмет ету дағдыларын қалыптастыруға басты назар аударады.

Жыл көлемінде «Дене тәрбиесі» бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттерге бақылау жасалып, әдіскер тарапынан бақылау журналына толтырылады. Нәтижесінде топ тәрбиешілеріне және педагогтерге ұсыныстар беріледі.

«Денсаулық күніне» арналған іс-шаралар бойынша: дене тәрбиесі нұсқаушысы Мусина З.Н ортаңғы топтың балаларымен *«Қазынаға апарар жол»* ашық ұйымдастырылған іс - әрекет, *«Шынықсан шымыр боласын»* эстафета *«Қарлығаш»*, *«Құлпынай»* ересек топтар, *«Тәуелсіз елдің ұланымыз»* әкелер мектебі *«Айгөлек»* ортаңғы топта, *«Қарлығаш»* ересек топ балаларымен *«Қысқы квест ойындары»* атты іс-шаралар өткізді. *«Ұлттық спорт күні»* барлық топтарымен, *«Айгөлек»* ортаңғы топ балаларымен *«Спорт – денсаулық кепілі»* таза ауада эстафеталық жарыс өткізілді.

Бұл іс-шаралардың мақсаты: балалардың салауатты өмір салтын ұстануға, спортқа деген қызығушылықтарын арттыру. Қызықты эстафеталық ойындар арқылы олардың икемділік, ептілік, шапшаңдылық, төзімділік сияқты қабілеттерінің дамуына ықпал ету.

Балабақша медбикесі Колдешева М.М., дене тәрбиесі нұсқаушысы Мусина З.Н санитарлық және гигиеналық сақтандырулармен қоса дене және психикалық жайлы жағдайлар туғызылып, әртүрлі жұқпалы аурулардың алдын алу шаралары мен 4 жасқа дейінгі балаларға қажетті негізгі екпе жұмыстары, дәрігерлік бақылаулар, қанның аздығы, дифтерия, тұмау, жұқпалы аурулармен күресу, жыл көлемінде балаларды дәрумендендіру, жалпақтабандылықтың алдын

алу профилактикалық жұмыстары айқындалып, жүзеге асырылып, қажет кезінде бала өмірін қауіпсіздендіруде аталған шараладың пайдасы жайында ата-аналардың жеке сұрақтарына жауап, кеңестер беріліп отырылды.

Жыл көлемінде созылмалы аурулар, олардың алдын алу, бала гигиенасы және тамақтануы жайлы жадынамалар, маусымдық ауысымдарға байланысты ата-аналарға кеңестер барлық топтардың қабылдау бөлмесінде ата-аналар назарына ұсынылып отырылды.

Медико-педагогикалық бақылау: Мектепке дейінгі ұйым басшысының бекіткен «Қызметкерлер тізімі» бойынша балабақшаның барлық қызметкерлері медициналық байқаудан өтілген.

Топ тәрбиешілері фильтрлі журналды уақытында толтырып, балалардың жеке бас гигиенасын сақтау бойынша ата-аналарға жеке кеңес беріп отырады.

2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылының қорытындысы бойынша созылмалы ауру, анемия, жүрек, қан тамырлар жүйесі және неврологиялық ауру түрлерімен ауыратын балалар тіркелмеген.

Үздіксіз берілетін «Дәрумен» салаттары, кисель, немесе жеміс сусынына қосылып берілетін «С» дәрумені, үздіксіз берілетін «Ревит» дәрумені балалардың денсаулығын нығайтуға септігін тигізеді.

Күнделікті күн тәртібінің сақталуы:

Балалардың жас ерекшеліктеріне сай әрбір топтың режимдік кезеңдері Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігінің 09.07. 2021 жылғы ҚРДСМ-59; СанПин талаптарына сай МДҰ меңгерушісімен бекітілген «*Күн тәртібі*» негізінде жүзеге асырылды.

Күн тәртібін сақтау – балалардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайту және сақтау, оны салауатты өмір салтына тартуға, зияткерлік және жеке дамуын қамтамасыз етуге зор үлесін қосады. Баланың мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту бойынша білім беру бағдарламаларын меңгеруге жағдай жасалады.

Рационалды үйлесімді тамақтандыруды ұйымдастыру:

Мектеп жасына дейінгі балаларды тамақтандыруды ұйымдастырудың нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес келуін қамтамасыз ету, сондай-ақ тамақ өнімдеріне қаражаттың жұмсалыуына бақылауды күшейту мақсатында «Балалардың тамақтануын ұйымдастыру туралы» және тәрбиеленушілерін сапалы тамақтандыруды ұйымдастыру мақсатында «Бракераж комиссиясын құру туралы» туралы бұйрықтар шығарылып, ата-аналар қауымдастығы өкілі бақылап отырады. «Балалардың тамақтануын ұйымдастыру мониторингі»-нің кестесі бекітілген.

Сонымен қоса 2024-2025 оқу жылында ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК бракераж комиссиясы туралы ЕРЕЖЕ бекітілген.

Рационалды үйлесімді тамақтандыруды ұйымдастыру мақсатында 10 күндік ас мәзірі жасалып бекітілген.

Тамақ өнімдерін және азық-түлік шикізатын қабылдауды ҚРДСМ 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығымен бекітілген Санитариялық қағидаларға 8 қосымша 1-нысанына сәйкес тамақ өнімдері мен азық-түлік шикізатының бракераж журналына деректерді енгізе отырып, олардың сапасы

және қауіпсіздігін куәландыратын құжаттары алынған. Тамақтандыру арасындағы интервал 3,5-4 сағаттан аспайды. Тамақтың сапасы жоғары, көкөніспен, жемістермен, етпен, шырынмен, сүт өнімдерімен, толығымен қамтамасыз етілген, мөлшері сақталады. Балабақшада балаларға төрт уақыт ас беріледі.

2023-2024 жылдың қазан айында облыстық *«Мектепке дейінгі мекемелерде пәндік – кеңістік, дамытушы ортаны ұйымдастырудағы заманауи тәсілдер»* тақырыбындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласының педагогтеріне арналған семинар-практикумды ұйымдастырып, өткізілді. Семинар барысында педагогтеріміз заттық- дамытушы ортада балалармен ұйымдастырылатын іс - әрекеттерінен іс – тәжірибелерімен бөлісіп, Сертификат иеленіп, Алғыс хатпен марапатталды. Семинарға қатысушылар: облыстың әр өңірінен келген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың меңгерушілері, әдіскерлері мен педагогтары. 2024-2025 оқу жылында *«Мектеп жасына дейінгі балалардың ұйымдастырылған іс – әрекетінде жасанды интеллектіні пайдалану жолдары»* тақырыбында аудандық семинар ұйымдастырылып, өткізілді. Семинар барысында педагогтер қазіргі заман талабына сай мектепке дейінгі ұйымда оқу – тәрбие үрдісіне жасанды интеллект элементтерін қосу жолдарымен таныстырып, өз іс – тәжірибелерімен бөлісті. Сертификат иеленіп, Алғыс хатпен марапатталды. Семинарға қатысушылар: ауданның мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың әдіскерлері мен педагогтары.

2024-2025 оқу жылында «ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ» мемлекеттік мекемесінің 03.02.2025 жылғы №36 БҰЙРЫҚ негізінде 2025 жылы мектепке дейінгі ұйымдардың Құзіреттілік орталықтарының қызметі туралы:

ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №2 қаулысымен бекітілген ҚР мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын жүзеге асыру мақсатында Мектепке дейінгі ұйымдарда құзіреттілік орталығы ШҚО ББ Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК-на өсу нүктелеріне бекіту схемасы бойынша ұсынылды:

- 1.ШҚО ББ Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің №5 орта мектебі КММ ш.о
- 2.ШҚО ББ «Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Болашақ» балабақшасы КМҚК
- 3.ШҚО ББ «Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Сарөлең орта мектебі» КММ ш.о бекітіліп берілді.

2024-2025 оқу жылында наурыз-мамыр айларына жылдық жоспар жасалып, 2025-2026 оқу жылына жылдық жоспар жасалып, бекітілді. Жоспар бойынша аудандық білім бөлімімен жоспарға сәйкес өсу нүктелерімен тренингтер, шеберлік сағаттары, дөңгелек үстелдер, ашық есік күндері өткізіліп, жұмыс атқарылуда.

Облыстық байқаулар:

Педагог қызметкерлер, соның ішінде топ тәрбиешілері жыл көлемінде түрлі сайыстарға қатысып, өздерінің шығармашылық білім-біліктерін шыңдап отырды. Сондай тәрбиешілердің бірі Қондыбаева Айжан Қайларқызы ерекше атап өтуге болады. Айжан Қайларқызы 2023-2024 оқу жылы ұйымдастырылған облыстық *«Үздік балабақша тәрбиешісі»* байқауына қатысып, жүлделі ІІІ-ші орынға ие

болды. 2024-2025 оқу жылында тәрбиеші Рустемова Шынар Төлеуханқызы облыстық «Үздік балабақша тәрбиешісі» байқауына қатысып, жүлделі ІІ-ші орынға ие болды. Тәрбиеші Бердаулетова Г.К «Мен зерттеушімін» байқауынан облыстық кезеңнен І-орын алып, республикаға жолдама алды. Тәрбиеші Кәмалова Ж.Б «Мен зерттеушімін» республикалық байқауының облыстық кезеңіне белсенді түрде қатысып, жүлдегер дайындағаны үшін «ORKEN» орталығының алғыс хатымен марапатталды. Сонымен қатар балабақша әдіскері Адылбекова А.А және тәрбиеленуші Алибекова Айзере Қазақстан Республикасы Ерте дамыту институты ұйымдастырған «Әже, анам және мен» конкурсына қатысып, республикалық кезеңге жолдама алды. Республикалық кезеңде Ерте дамыту институтының Алғыс хатымен марапатталды.

5. ОҚУ МАТЕРИАЛДЫҚ АКТИВТЕР

ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК жеке тұрған екі қабатты типтік мекемеде орналасқан. Ғимарат 1968 жылы салынған. 2014 жылы ғимараттың шатырына күрделі жұмыстар жүргізілді. 2017 жылы балабақшаның жылу жүйесі толығымен ауыстырылды. 2025 жылы заман талабына сай ғимарат сырты қапталып, Периметрі бойынша аумақ биіктігі $h = 1,8$ метр заманауи талапқа сай темір қашамен коршалған.

Ыстық су, суық су құбырлары жүргізілген, орталық жылу жүйесіне қосылған, электр қуатымен қамтамасыз етілген. Объектінің жалпы алаңы (шаршы метр) – 769,3 ш/м. Ғимарат артында қызыл кірпіштен қаланған бір бөлмелі жер төлебі бар шаруашылық заттарға арналған қойма бар.

Ұй-жайлардың саны - 58. Балабақшаның жалпы қуаттылығы – 140 балаға арналған, жас ерекшелігіне сай 6 топқа бөлінген. Барлық жас ерекшеліктеріне байланысты әрбір топтың ойын алаңы, төбесі жабық бесеткалары бар. Ойын алаңдарында сырғанақ көпірлер, әткеншектер, құм жинағымен қамтылған. Барлығы балалардың қауіпсіздік ережелеріне сәйкес.

Ғимарат ішінде музыка және спорт залы біріктіріліп жүргізіледі. 6 топтың 1 тобында жатын бөлмесі бар, қалған 5 топтың жиналмалы 1 кісілік төсектермен қамтылған. Яғни ұйқы уақыты біткенде жиналып, топта ойын алаңы баланың санына байланысты жеткілікті. 2025-2026 оқу жылына барлық материалдық база толығымен ауыстырылды.

Кір жуу блогы толыққанды жұмыс істейді. Кір жуатын бөлме тұрмыстық кір жуғыш автомат машинамен, үтіктеу үстелімен және 4 темір кір жайғышпен қамтамасыз етілген. Бір балаға шаққандағы жеткілікті мөлшерде төсек жабдықтары арнайы сөрелерде орналасқан. /3 ауысымға жеткілікті/

Асханалық блок - 30,8 ш/м құрайды. Асханада 6 көзді 1 электроплита, 4 көзді электроплита- 2, 1 қуыру пеші, 3 мұздатқыш камера, 1 мұздатқыш, 2 ет тартқыш құралы бар. Ыдыс аяқ жуғанға 3 секциялы раковина бар, шикізат тұрайтын, және пысқан затты тұрайтын стол, нан салатын жеке арнайы жәшік. Вытяжка және барлық жихаздармен ыдыс аяқтармен қамтылған.

Ғимараттың кіре берісінде Арнайы күзетпен келісім шарт негізінде қамтылған және дабыл түймесімен қосымша жабдықталған. Ғимараттың ішкі және сыртқы периметрлері бейнебақылау камераларымен толық қамтамасыз етілген.

Барлық бейнебақылау камераларының саны – 25 дана. Оның ішінде сыртқы бейнебақылау камералар саны: 6 дана. Барлығы заман талабына сай IP бейнебақылау камерасына толық ауыстырылған. Ішкі бейнебақылау камераларының саны: 19 дана.

1-ші қабатта: 10 дана, Барлығы заман талабына сай IP бейнебақылау камерасына толық ауыстырылған («Құлпынай», «Ақбота», «Балапан» топтарының

ішінде және қабылдау бөлмелерінде, асханада, оң және сол жақ дәлізде, артқы қосалқы кіре-беріс есікте).

2-ші қабатта: 9 дана, Барлығы заман талабына сай IP бейнебақылау камерасына толық ауыстырылған. («Айгөлек», «Балдырған», «Қарлығаш» топтарында және «Айгөлек», «Балдырған» топтарының қабылдау бөлмесінде, музыка-спорт залында, оң және сол жақ баспалдақта, «Айгөлек» тобының жатын бөлмесінде).

Күзет және өрт сигнализациясы - бар.

Өрт/күзет дабылы/сөндіру/бейнебақылау жүйелеріне және ұқсас жабдыққа техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтер бойынша келісім шарттар:

1. 2023-2024 жыл "RTS Монтаж" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі келісім шарт №28 12.06.2023 ж

2. 2024-2025 жыл "КИГРОС" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі келісім шарт №14 20.03.2024 ж

3. 2025-2026 жыл "В ВостокСервис" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі №6 17.01.2025 ж

4. 2026-2027 жыл "Beka-engineering" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі №030840005311/260008/00, 27.01.2026 ж

Ссылка:

Өрт/күзет дабылы/сөндіру/бейнебақылау жүйелеріне және ұқсас жабдыққа техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтер бойынша: [contract_print_24280031 \(1\).pdf / Облако Mail](#)

Күзет қызметтері бойынша:

2025 жыл "Сарлан" күзет агенттігі" жауапкершілігі шектеулі серіктестік № 030840005311/250061/01 24.09.2025 ж

2026 жыл "Сарлан" күзет агенттігі" жауапкершілігі шектеулі серіктестік №030840005311/260011/00 16.01.2026 ж, №030840005311/260021/00 23.02.2026

Ссылка:

Күзет қызметтері бойынша келісім шарт:

[contract_print_24626664 \(1\).pdf / Облако Mail](#)

Өмірді сақтандыру бойынша қызметтер:

2026 жыл "Мемлекеттік аннуитеттік компания" өмірді сақтандыру компаниясы" акционерлік қоғамы № 030840005311/260014/00 27.01.2026 ж

Ссылка:

Өмірді сақтандыру бойынша келісім шарт:

[contract_print_24372312 \(1\).pdf / Облако Mail](#)

Әрбір жаңа оқу жылының басында барлық қызметкерлер еңбекті қорғау, жұмыс орнындағы қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі және терроризмге қарсы қорғау ережелерін сақтау бойынша нұсқаулықтан өтіп, ISO 37001 халықаралық стандартқа сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы курс арқылы сауаттылықтарын арттырып отырады. Нұсқаулық арнайы журналға тіркеліп, қол қойылады. Жыл

сайын сақтандыру шарты жасалады. Өрт қауіпсіздігі және азаматтық қорғаныс бойынша 3 жыл сайын балабақша меңгерушісі және бекітілген Дене тәрбиесі нұсқаушысы ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі ШҚО төтенше жағдайлар Департаменті бойынша СЕРТИФИКАТ алынып, жұмыстар жүргізіледі. Балабақша меңгерушісі екі рет қатарынан өткендіктен 2024 жылы бұйрықпен бекітілген маман арнайы сертификатпен 23-24.10.2024 оқу кезеңінде 24.10.2027 оқу жылына жарамды. Сонымен қатар балабақша меңгерушісі Кудабоева Назым Кокешевна «Fire line» ИП Жәнісбеков «Правила пожарной безопасности» біліміне емтихан тапсырып, куәлік алынды.

Өмірді сақтандыру бойынша қызметтер:

2026 жыл "Мемлекеттік аннуитеттік компания" өмірді сақтандыру компаниясы" акционерлік қоғамы № 030840005311/260014/00 27.01.2026 ж

Ссылка:

Өмірді сақтандыру бойынша келісім шарт:

[contract_print_24372312 \(1\).pdf / Облако Mail](#)

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша 2023-2024 оқу жылында «Жұмысқа жаңадан қабылданған қызметкерлерге арналған Кіріспе нұсқаулық бағдарламасы», «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтар тізбесі» кәсіподақ ұйымының жиналысында қаралып, қайта бекітілді.

Еңбекті қорғау жөніндегі Келісім жоспары кәсіподақпен бекітіледі.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша МДҰ қызметкерлеріне арналған ЖАДЫНАМА /топтарға таратылып берілді/

МДҰ-ғы тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын сақтау және қауіпсіздік техникасы бойынша НҰСҚАУЛЫҚ /топтарға таратылып берілді/

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ата-аналарға арналған ЖАДЫНАМА / сайтта көрсетілген/

Балабақша қызметкерлеріне Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша НҰСҚАУЛЫҚ /жаңадан қабылданғанда/

Балабақша қызметкерлерінің лауазымдық міндеттері /01-07 істер наменклатурасы/

«Қауіпсіздік және еңбек қорғау» курсы бойынша оқу бағдарламасын балабақша меңгерушісі және шаруашылық меңгерушісі 31.05.2024 №17 тіркеу номерімен Сертификат алынды.

Медициналық блок 3 бөлмеден: оқшаулау (изолятор) бөлмесі, ем-дом бөлмесі және қабылдау бөлмесінен тұрады. "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық- эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына 9-қосымшасына сай жабдықталған.

«Өндірістік бақылауды жүзеге асыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы «07» сәуірдегі № 62 бұйрығының 2-қосымшасына сай өндірістік бақылау нәтижелері және өлшеу

аспаптарын зертханалық зерттеу және диагностикалау 2 жылда 1 рет жүргізіліп отырады. Жыл сайын балабақша меңгерушісімен бекітілген Өндірістік бақылау БАҒДАРЛАМАСЫ жүргізіледі.

Қызметкерлердің медициналық тексеруден уақытылы өтуін қатаң бақылауда. Жас ерекшелік бойынша топтар жиһаздармен жабдықталып, заттық дамытушы орта дидактикалық және әдістемелік құралдармен толықтырылған.

Топтардағы үстел орындықтар санитариялық-эпидемиологиялық талаптар мен қағидалардың 5-ші қосымшасы «Мектепке дейінгі ұйымдар жиһазының таңбалануы және өлшемдеріне» сай таңбаланған.

Ссылка:

2023-2024 оқу жылы 4-қосымша

<https://kurchumsadik.edu.kz/images/it4/7/1.pdf>

2024-2025 оқу жылы 4-қосымша

<https://kurchumsadik.edu.kz/images/it4/7/2.pdf>

2025-2026 оқу жылы 4-қосымша

<https://kurchumsadik.edu.kz/images/it4/7/3.pdf>

6. АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАР МЕН КІТАПХАНА ҚОРЫ

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК әдістемелік кешендермен жабдықталуы туралы төмендегідей ақпаратты көруге болады.

Балабақшада электрондық ресурстар базасы бар

- Стационарлық компьютер – 4 дана
- Ноутбук – 1 дана
- Принтер – 4 дана
- Интерактивті тақта – 1 дана
- Проектор – 1 дана
- Синтезатор – 1 дана
- Музыкалық орталығы – 1 дана
- Интернет желісі

Топтарда төмендегідей балалар әдебиеті, дидактикалық және әдістемелік кітаптар қоры жинақталған.

Оның ішінде:

- ✓ Кіші топтарда – 35 дана
- ✓ Орта топтарда – 37 дана
- ✓ Ересек топтарда – 63 дана

Барлық топтарда тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыруға бағытталған таңғы жаттығулар, қимылды қозғалыс ойындары, серуен, түрлі дидактикалық ойындар картотекасы, «Адал Азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламсын жүзеге асыру мақсатында жинақталған ұлттық ойындары жинақталған.

Сонымен қоса әдістемелік бөлмеде:

1. «Мектепке дегі тәрбие мен оқыту» журналы- 32 дана
2. «Мектепке дейінгі тәрбие» журналы - 12 дана
3. «Тәрбиеші ұсталығы/Мастерство воспитателя» журналы – 4 дана
4. «Сиқырлы математика елі» 5 жастан 6,(7) жасқа дейін балаларға арналған дәптер
5. «Сауат ашу негіздері» әдістемелік құрал
6. «Основы грамоты» методическое пособие для воспитателей старшей дошкольной группы
7. «Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру» мектепке дейінгі ұйымдарының ересек топ тәрбиешілеріне арналған әдістемелік құрал
8. «Формирование элементарных математических представлений» методическое пособие для воспитателей старшей дошкольной группы
9. «Бейнелеу өнері» әліппе дәптер
10. Әдістемелік құрал «3-4 жастағы балаларға арналған «Қарлығаш» бағдарламасының оқу – әдістемелік кешені
11. «Педагогикалық идея» журнал

12. ХРЕСТОМАТИЯ

13. «Қазақстанның ұлағатты ұстазы»
14. «Хайуанаттар туралы ертегілер»
15. «Дәнеш ағайдың ертегілері» - 3 дана
16. «Авторлық ертегілер» - 2 дана
17. «Сиқырлы пішіндер мен сандар әлемінде» әртүрлі жастағы балаларға арналған
18. «Сиқырлы әріптер мен сөздер әлемінде»
19. «Серуен кезіндегі бақылау»
20. «Атамекен» ғажайып елінің аңыздары»
21. «В мире волшебных букв и слов»
22. «Тоқтамыс хан»
23. «Аспэль еліндегі таңғажайып оқиғалар»
24. «Өлшеу measuring измерение»
25. «Қарсы мәндес сөздер opposites противоположность»
26. «Управление дошкольным образовательным учреждением»
27. «Обучение детей дошкольного возраста рассказыванию»
28. «Рухани жаңғыру аясында мектепке дейінгі тәрбие сапасын арттыру негіздемелері»
29. «Серсо в детском саду»
30. «Самопознание» хрестоматия
31. «Өзін – өзі тану»
32. «Самопознание»
33. «Воспитание трудолюбия у дошкольников»
34. «Балабақша»
35. «Ертөстік» аудиокітап – 2 дана
36. «Алтын балық» аудиокітап - 2 дана
37. «Ақымақ қасқыр» аудиокітап – 2 дана
38. «Қуырмаш» аудиокітап – 3 дана
39. «Жақсылық пен жамандық» аудиокітап – 2 дана
40. «Алпамыс» аудиокітап – 2 дана
41. «Ұр тоқпақ» аудиокітап
42. «Қаңбақ шал» аудиокітап
43. «Керқұла атты Кендебай» аудиокітап – 2 дана
44. «Күн астындағы Күнекей қыз» аудиокітап
45. «Алтын сақа» аудиокітап – 2 дана тақырыптарындағы әдебиеттердің 1 данасынан жасақталған.

Балабақшада баланың жеке басын толыққанды қалыптастыру үшін жағдайлар жасалған. Заттық дамытушы орта - балалардың мүдделеріне сәйкес, олардың эмоционалды жайлылығын, жан-жақты және толыққанды дамуын, түрлі белсенділік түрлерін және бірге әрекет етуге тандау мүмкіндігін, ойын аймақтарының қанықтылығы, қолжетімділігі, вариативтілігі мен қауіпсіздігі қамтамасыз етілген.

Балабақша педагогтерінің өзіндік білім-білік дағдыларын көтеру бағыттарының бірі – ол зерттеу жұмыстары.

2025-2026 оқу жылынан бастап барлық тәрбиешілер өздерінің жұмыс барысында кездескен мәселелі аймақтары бойынша және өздерін қызықтыратын тақырыптар төңірегінде жеке зерттеу тақырыптары анықталып, өз жұмыстарын зерделеуде. Нәтижесі әдістемелік кеңесте қаралып, берілген ұсыныстарға сай бақшаішілік апробациялануда.

Мысалы: әдіскер Бердаулетова Г.К *«Дәстүрден тыс бейнелеу тәсілдерін қолдану арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілетін дамыту»*.

Тәрбиеші Нургазина Қ.Қ *«Мектеп жасына дейінгі білім беру мекемелерінде білім беру процесін ұйымдастыруда картотекаларды қолдану»*,

Тәрбиеші Кәмалова Ж.Б *«Мектепке дейінгі ұйымдарда қаржылық сауаттылықты қалыптастыру»*.

Ссылка:

2023-2024 оқу жылы 5-қосымша

<https://kurchumsadik.edu.kz/images/it6/adis/1/1.pdf>

2024-2025 оқу жылы 5-қосымша

<https://kurchumsadik.edu.kz/images/it6/adis/1/2.pdf>

2025-2026 оқу жылы 5-қосымша

<https://kurchumsadik.edu.kz/images/it6/adis/1/3.pdf>

7. ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ БІЛІМДЕРІН БАҒАЛАУ

Мектепке дейінгі ұйымның білім беру процесінің тиімділігі, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізілді (бастапқы - қыркүйек, аралық - қаңтар және қорытынды мамыр айларында).

Мониторинг мақсаты – мектеп жасына дейінгі балалардың дене, тұлғалық және зияткерлік қасиеттерінің даму динамикасын анықтау.

Мақсатты жүзеге асыруда:

- баланың жетістіктерін қадағалау;
- балаларды тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамасыз ету;
- түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру процесін жетілдіру;
- баланың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау міндеттері шешілді.

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК 2 жастан 4 жасқа дейінгі тәрбиеленушілердің оқу жүктемесі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сай жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының ережелеріне [2022 жыл 03 тамыз ҚР БҒМ №348 бұйрығы] және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына [2016 жыл 12 тамыз ҚР БҒМ № 499 бұйрығы] сай жүргізіледі.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асырылатын дағдыларды қарастырады.

Физикалық қасиеттерді дамытудың мақсаты дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына сапалы қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамыту болып табылады.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын, сенсорлық эталондар туралы түсініктерді, қарапайым математикалық ұғымдарды, құрастыру әдіс-тәсілдерін меңгеру болып табылады.

Шығармашылық дағдылар өнер туындыларын түсіну және қабылдау дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастырудың мақсаты тәрбиеленушілерді, олардың ішінде ерекше балаларды оң әлеуметтендіру, оларды

әлеуметтімәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру болып табылады.

Мекемедегі педагог қызметкерлер өздерінің күнделікті ұйымдастырған іс-әрекетінің соңында жасалатын рефлексиялық бағалаулар негізінде берілген білімді баланың қаншалықты игергенін анықтауға және өзінің кәсіби құзырлық деңгейлерін көруге мүмкіншілік алады.

Қорытындысында бала дамуын үнемі бақылау арқылы оның жетістіктерінің деңгейін анықтау ерте жастан бастап іске асырылады.

Мониторинг жүргізу механизмі, баланың даму деңгейлерін есептеу әдістемесі «Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдарында» толық көрсетілген.

Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігі балаларды ерте дамыту институты әзірлеген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдары көрсетілгендей 2023-2024 оқу жылында мектеп жасына дейінгі 2 жастан 4 жасқа дейінгі балалардың білім-білік деңгейлерін анықтау мониторингі 3 рет (бастапқы, аралық және қорытынды) жүргізілді.

Жыл көлемінде өз кезеңдерімен жүргізілген мониторинг нәтижесінде педагог қызметкерлер кездескен аймақты мәселелерді анықтап, алдағы уақытта сол мәселені шешу жолындағы жұмыстарын жоспарлап отырды.

Төменде 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылдарының мониторинг (бастапқы, аралық, қорытынды) нәтижесімен танысуға болады.

2023-2024 оқу жылында 2-жастағы (кіші топта) - 20 балаға, 3 жастағы (ортаңғы топтарда) - 70 балаға, 4 жастағы (ересек топтарда) - 50 балаға мониторинг жүргізілді.

2023-2024 оқу жылдың қорытындысы бойынша Мемлекеттік стандарты игерудің нәтижелері:






«Физикалық қасиеттерді дамыту» бойынша қорытынды диагностика нәтижесінде жоғары - 90% көрсетті. Ол аралық диагностика көрсеткіштерімен салыстырғанда 90%-ға көтерілгенін байқатады.

«Коммуникативтік» дағдылары бойынша Үлгілік оқу бағдарламасын қорытынды диагностика нәтижесінде жоғары-85% көрсетті. Ол аралық диагностика көрсеткіштерімен салыстырғанда 65%-ға көтерілгенін байқатады. Төмен деңгей 5%-ға төмендегенін көруге болады.

«Танымдық және зияткерлік» дағдылары бойынша оқу бағдарламасын игерудің қорытынды диагностика нәтижесінде жоғары - 90% көрсетті. Ол аралық диагностика көрсеткіштерімен салыстырғанда 65%-ға көтерілгенін байқатады. Төмен деңгей 5%-ға төмендегенін көруге болады.

«Шығармашылық» дағдылары бойынша қорытынды диагностика нәтижесінде оқу бағдарламасын игеру 75% көрсетті. Ол аралық диагностика көрсеткіштерімен салыстырғанда 50%-ға жоғарлағанын байқауға болады. Төмен деңгей 5%-ға азайғанын көруге болады.

«Әлеуметтік-эмоционалды» дағдылары бойынша оқу бағдарламасын қорытынды диагностика нәтижесінде жоғары - 90% көрсетті. Ол аралық диагностика көрсеткіштерімен салыстырғанда 65%-ға көтерілгенін байқауға болады. Төмен деңгей 5%-ға азайғанын көруге болады.





«Физикалық қасиеттерді дамыту» бойынша оқу бағдарламасын игерудің қорытынды диагностика нәтижесінде жоғары - 86% көрсетті. Ол аралық диагностика көрсеткіштерімен салыстырғанда 6%-ға көтерілгенін байқатады. Төмен деңгей 3 %-ға азайғанын көруге болады.

«Коммуникативтік» дағдылары бойынша Үлгілік оқу бағдарламасын игерудің қорытынды диагностика нәтижесінде жоғары-75% көрсетті. Ол аралық диагностика көрсеткіштерімен салыстырғанда 6%-ға көтерілгенін байқатады. Төмен деңгей 8%-ға төмендегенін көруге болады.

«Танымдық және зияткерлік» дағдылары бойынша оқу бағдарламасын игерудің қорытынды диагностика нәтижесінде жоғары-81% көрсетті. Ол аралық диагностика көрсеткіштерімен салыстырғанда 2%-ға көтерілгенін байқатады. Төмен деңгей 5%-ға азайғанын көруге болады.

«Шығармашылық» дағдылары бойынша жалпы қорытынды диагностика нәтижесінде оқу бағдарламасын игеру жоғары-87% көрсетті. Ол аралық диагностика көрсеткіштерімен салыстырғанда 8%-ға өскенін байқауға болады. Төмен деңгей 7%-ға азайғанын көруге болады.

«Әлеуметтік-эмоционалды» дағдылары бойынша оқу бағдарламасын игеру қорытынды диагностика нәтижесінде жоғары 79% көрсетті. Ол аралық диагностика көрсеткіштерімен салыстырғанда 8%-ға көтерілгенін байқауға болады. Төмен деңгей 9%-ға азайғанын көруге болады.



«Физикалық қасиеттерді дамыту» бойынша оқу бағдарламасын игерудің қорытынды диагностика нәтижесінде жоғары-87% көрсетті. Төмен деңгей 4%-ға азайды.


«Коммуникативтік» дағдылары бойынша Үлгілік оқу бағдарламасын игерудің қорытынды диагностика нәтижесінде жоғары-74% көрсетті. Ол аралық диагностика көрсеткіштерімен салыстырғанда 20%-ға көтерілгенін байқатады. Төменгі деңгей 4%-ға азайды. Бұл балалар сөздерді анық айта алмайды, жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыра алмайды. Ересектердің сөзін тыңдайды, ішінара түсінеді, бірақ өз ойларын анық жеткізе алмайды.

«Танымдық және зияткерлік» дағдылары бойынша оқу бағдарламасын игерудің қорытынды диагностика нәтижесінде жоғары-72% көрсетті. Ол аралық диагностика көрсеткіштерімен салыстырғанда 16%-ға көтерілгенін байқатады. Ал төмен деңгей 4%-ға төмендегенін көруге болады.

«Шығармашылық» дағдылары бойынша қорытынды диагностика нәтижесінде оқу бағдарламасын игеру жоғары-70% ды көрсетті. Ол аралық диагностика көрсеткіштерімен салыстырғанда 6%-ға өскенін байқауға болады. Төменгі деңгей 2% -ға азайды. Төмен деңгейдегі балалар заттарды ересектің көмегімен мүсіндейді, ұжымдық құрылыс жасауға қатысады, бірақ белсенділік танытпайды.



«Әлеуметтік-эмоционалды» дағдылары бойынша оқу бағдарламасын игеру қорытынды диагностика нәтижесінде жоғары- 70% болды. Ол аралық диагностика көрсеткіштерімен салыстырғанда 22%-ға көтерілгенін байқауға болады. Төменгі 12% -ға азайды.

Жалпы балабақша бойынша жыл соңында мониторинг нәтижесі төмендегідей пайызды көрсетті.



2024-2025 оқу жылында 2-жастағы (кіші топта) - 20 балаға, 3 жастағы (ортаңғы топтарда) - 45 балаға, 4 жастағы (ересек топтарда) - 75 балаға мониторинг жүргізілді.

2024-2025 оқу жылдың қорытындысы бойынша Мемлекеттік стандарты игерудің нәтижелері:





«Физикалық қасиеттерді дамыту» бойынша оқу бағдарламасын игерудің қорытынды диагностика нәтижесінде жоғары- 60% көрсетті. Ол аралық диагностика көрсеткіштерімен салыстырғанда 30%-ға өскенін байқатады. Төменгі деңгей 30% -ға азайды.

«Коммуникативтік» дағдылары бойынша Үлгілік оқу бағдарламасын игерудің қорытынды диагностика нәтижесінде жоғары- 75% көрсетті. Ол аралық диагностика көрсеткіштерімен салыстырғанда 55%-ға өскенін байқатады. Төменгі деңгей 35% -ға азайды. Төмен деңгейдегі балалар сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыра алмайды. Ересектердің сөзін тындайды, ішінара түсінеді, бірақ өз ойларын анық жеткізе алмайды.

«Танымдық және зияткерлік» дағдылары бойынша оқу бағдарламасын игерудің қорытынды диагностика нәтижесінде - 80% көрсетті. Ол аралық диагностика көрсеткіштерімен салыстырғанда 55%-ға өскенін байқатады. Төменгі деңгей 35% -ға азайды.

«Шығармашылық» дағдылары бойынша қорытынды диагностика нәтижесінде оқу бағдарламасын игеру жоғары- 80% көрсетті. Ол аралық диагностика көрсеткіштерімен салыстырғанда 40%-ға өскенін байқауға болады. «Әлеуметтік-эмоционалды» дағдылары бойынша оқу бағдарламасын игеру қорытынды диагностика нәтижесінде жоғары-80% көрсетті. Ол аралық диагностика көрсеткіштерімен салыстырғанда 40%-ға өскенін байқауға болады.



«Физикалық қасиеттерді дамыту» бойынша оқу бағдарламасын игерудің қорытынды диагностика нәтижесінде жоғары- 82% көрсетті. Ол аралық диагностика көрсеткіштерімен салыстырғанда 18%-ға көтерілгенін байқатады. Төменгі деңгей 7%-ға азайды.

«Коммуникативтік» дағдылары бойынша Үлгілік оқу бағдарламасын игерудің қорытынды диагностика нәтижесінде жоғары- 71% көрсетті. Ол аралық диагностика көрсеткіштерімен салыстырғанда 33%-ға көтерілгенін байқатады. Орта деңгей 28 % -ға көтерілді.Төменгі деңгей 16% -ға азайды. Төмен деңгейдегі балалар сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыра алмайды. Ересектердің сөзін тыңдайды, ішінара түсінеді, бірақ өз ойларын анық жеткізе алмайды.


«Танымдық және зияткерлік» дағдылары бойынша оқу бағдарламасын

игерудің қорытынды диагностика нәтижесінде - 78% көрсетті. Ол аралық диагностика көрсеткіштерімен салыстырғанда 18%-ға көтерілгенін байқатады. Төменгі деңгей 5% -ға азайды. Төменгі деңгейді көрсеткен балалар ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша заттарды салыстыруға қиналады.

«Шығармашылық» дағдылары бойынша қорытынды диагностика нәтижесінде оқу бағдарламасын игеру жоғары-71% көрсетті. Ол аралық диагностика көрсеткіштерімен салыстырғанда 27%-ға өскенін байқауға болады. Төменгі 11%-ға төмендеді. Төменгі деңгейді көрсеткен балалар түстерді ажыратады, бірақ қарындашты әлі де дұрыс ұстай алмайды, сызықтарды жүргізуге қиналады, сазбалшықты өздігінен илей алмайды, қарапайым құрылысты құрағанда тәрбиешінің көмегіне жүгіреді.

«Әлеуметтік-эмоционалды» дағдылары бойынша оқу бағдарламасын игеру қорытынды диагностика нәтижесінде жоғары 80% көрсетті. Ол аралық диагностика көрсеткіштерімен салыстырғанда 32%-ға көтерілгенін байқауға болады. Төменгі деңгей көрсеткіші 10%-ға төмендеді. Төменгі деңгейді көрсеткен балалар туған ауылы, Қазақстан Республикасының бас қаласы, рәміздер туралы айтуға қиналады.





«Физикалық қасиеттерді дамыту» бойынша оқу бағдарламасын игерудің қорытынды диагностика нәтижесінде жоғары 81% көрсетті. Ол аралық диагностика көрсеткіштерімен салыстырғанда 8%-ға көтерілгенін байқатады. Төменгі деңгей 1%-ға төмендеді.


«Коммуникативтік» дағдылары бойынша Үлгілік оқу бағдарламасын игерудің қорытынды диагностика нәтижесінде жоғары- 71% көрсетті. Ол аралық диагностика көрсеткіштерімен салыстырғанда 26%-ға көтерілгенін байқатады. Төменгі деңгей 4%-ға төмендеді.

«Танымдық және зияткерлік» дағдылары бойынша оқу бағдарламасын игерудің қорытынды диагностика нәтижесінде - 75% көрсетті. Ол аралық диагностика көрсеткіштерімен 26%-ға көтерілгенін байқатады. Төменгі деңгей 2%-ға төмендеді.

«Шығармашылық» дағдылары бойынша қорытынды диагностика нәтижесінде оқу бағдарламасын игеру жоғары-75% көрсетті. Ол аралық диагностика көрсеткіштерімен 23%-ға өскенін байқауға болады. Төменгі деңгей 4%-ға төмендеді.


«Әлеуметтік-эмоционалды» дағдылары бойынша оқу бағдарламасын игеру қорытынды диагностика нәтижесінде жоғары-80% көрсетті. Ол аралық диагностика көрсеткіштерімен салыстырғанда 8%-ға көтерілгенін білдіреді. Төменгі деңгей 1%-ға азайды.

Жалпы балабақша бойынша жыл соңында мониторинг нәтижесі төмендегідей пайызды көрсетті.



2025-2026 оқу жылында 2-жастағы (кіші топта) - 40 балаға, 3 жастағы (ортаңғы топтарда) - 50 балаға, 4 жастағы (ересек топтарда) - 50 балаға мониторинг жүргізілді.

2025-2026 оқу жылдың қорытындысы бойынша Мемлекеттік стандарты игерудің нәтижелері:



«Физикалық қасиеттерді дамыту» бойынша оқу бағдарламасын игерудің қорытынды диагностика нәтижесінде жоғары 50% көрсетті. Ол аралық диагностика көрсеткіштерімен салыстырғанда 15%-ға көтерілгенін байқатады.



«Коммуникативтік» дағдылары бойынша Үлгілік оқу бағдарламасын игерудің қорытынды диагностика нәтижесінде жоғары- 35% көрсетті. Ол аралық диагностика көрсеткіштерімен салыстырғанда 12%-ға көтерілгенін байқатады. Төменгі деңгей 8%-ға төмендеді.

«Танымдық және зияткерлік» дағдылары бойынша оқу бағдарламасын игерудің қорытынды диагностика нәтижесінде - 32% көрсетті. Ол аралық диагностика көрсеткіштерімен 5%-ға көтерілгенін байқатады. Төменгі деңгей 3%-ға төмендеді.

«Шығармашылық» дағдылары бойынша қорытынды диагностика нәтижесінде оқу бағдарламасын игеру жоғары-33% көрсетті. Ол аралық диагностика көрсеткіштерімен 6%-ға өскенін байқауға болады. Төменгі деңгей 2%-ға төмендеді.

«Әлеуметтік-эмоционалды» дағдылары бойынша оқу бағдарламасын игеру

қорытынды диагностика нәтижесінде жоғары-45% көрсетті. Ол аралық диагностика көрсеткіштерімен салыстырғанда 10%-ға көтерілгенін білдіреді. Төменгі деңгей 5%-ға азайды.





«Физикалық қасиеттерді дамыту» бойынша оқу бағдарламасын игерудің қорытынды диагностика нәтижесінде жоғары 84% көрсетті. Ол аралық диагностика көрсеткіштерімен салыстырғанда 14%-ға көтерілгенін байқатады. Төменгі деңгей 18%-ға төмендеді.

«Коммуникативтік» дағдылары бойынша Үлгілік оқу бағдарламасын игерудің қорытынды диагностика нәтижесінде жоғары- 66% көрсетті. Ол аралық диагностика көрсеткіштерімен салыстырғанда 12%-ға көтерілгенін байқатады. Төменгі деңгей 12%-ға төмендеді.

«Танымдық және зияткерлік» дағдылары бойынша оқу бағдарламасын игерудің қорытынды диагностика нәтижесінде - 76% көрсетті. Ол аралық диагностика көрсеткіштерімен 12%-ға көтерілгенін байқатады. Төменгі деңгей 18%-ға төмендеді.

«Шығармашылық» дағдылары бойынша қорытынды диагностика нәтижесінде оқу бағдарламасын игеру жоғары - 86% көрсетті. Ол аралық диагностика көрсеткіштерімен 18%-ға өскенін байқауға болады. Төменгі деңгей 14%-ға төмендеді.

«Әлеуметтік-эмоционалды» дағдылары бойынша оқу бағдарламасын игеру қорытынды диагностика нәтижесінде жоғары-80% көрсетті. Ол аралық диагностика көрсеткіштерімен салыстырғанда 16%-ға көтерілгенін білдіреді. Төменгі деңгей 16%-ға азайды.



«Физикалық қасиеттерді дамыту» бойынша оқу бағдарламасын игерудің қорытынды диагностика нәтижесінде жоғары 90% көрсетті. Аралық диагностика көрсеткіштерімен салыстырғанда 18% өсті. Төменгі деңгей 4% болып қалды. Оны екі ересек топтағы ЕБҚ балалардың (Маратова Аянат, Қасымқан Бекнұр) бар болуымен түсіндіреміз.

«Коммуникативтік» дағдылары бойынша Үлгілік оқу бағдарламасын игерудің қорытынды диагностика нәтижесінде жоғары- 76% көрсетті. Ол аралық диагностика көрсеткіштерімен салыстырғанда 24%-ға көтерілгенін байқатады. Төменгі деңгей 4 % көрсетті. Оны екі ересек топтағы ЕБҚ балалардың (Маратова Аянат, Қасымқан Бекнұр) бар болуымен түсіндіреміз.

«Танымдық және зияткерлік» дағдылары бойынша оқу бағдарламасын игерудің қорытынды диагностика нәтижесінде - 82% көрсетті. Ол аралық диагностика көрсеткіштерімен 26%-ға көтерілгенін байқатады. Төменгі деңгей 4%-көрсетті. Оны екі ересек топтағы ЕБҚ балалардың (Маратова Аянат, Қасымқан Бекнұр) бар болуымен түсіндіреміз.

«Шығармашылық» дағдылары бойынша қорытынды диагностика нәтижесінде оқу бағдарламасын игеру жоғары-84% көрсетті. Ол аралық диагностика көрсеткіштерімен 18%-ға өскенін байқауға болады. Төменгі деңгей 4%-көрсетті. Оны екі ересек топтағы ЕБҚ балалардың (Маратова Аянат, Қасымқан Бекнұр) бар болуымен түсіндіреміз.

«Әлеуметтік-эмоционалды» дағдылары бойынша оқу бағдарламасын игеру қорытынды диагностика нәтижесінде жоғары-90% көрсетті. Ол аралық диагностика көрсеткіштерімен салыстырғанда 24%-ға көтерілгенін білдіреді. Төменгі деңгей 4%-көрсетті. Оны екі ересек топтағы ЕБҚ балалардың (Маратова Аянат, Қасымқан Бекнұр) бар болуымен түсіндіреміз.



8. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЖӘНЕ БАСҚА РЕСПОНДЕНТТЕРДІҢ САУАЛНАМАСЫ:

■ Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» тәрбиеленушілерінің ата-аналарынан алынған сауалнама қорытындысы:

«Күршім ауылының балабақшасы»-нда 2025-2026 оқу жылында екі ересек тобы жасақталды. Олар: «Балапан», «Айгөлек» топтары.

Жалпы қосындысы бойынша ересек тобында 50 бала тәрбиеленуде. Сондықтан осы балалардың ата-аналары 100% сауалнама қатысты.

Сауалнама жүргізілмес бұрын ата-аналармен түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, ватсап каналы арқылы сауалнаманы берілген ссыла арқылы толтыратындары туралы хабардар етілді. Топтағы ата-аналар комитеті төрайымы тарапынан бақылау жасалды. Қалыс қалғандар, түсінбеушілік танытқан ата-аналар болмады.

Сауалнама жалпы 12 сұрақтан тұрды. Сұрақтар балабақшадағы атқарылған жұмыстар, балалардың меңгерген дағдылары бойынша құрылған.

Сауалнама жүргізу кезінде МДҰ тарапынан ата-аналарға ешқандай ықпал жасалған жоқ. Әр ата-ана өздерінің ұялы телефондары арқылы, өз еріктерімен толтырды. Ата-аналар сауалнамаға 100 % қатысып, балабақша-бөбекжайдың жұмысына өз бағаларын берді.

№	Сұрақ	Келісе мін	Келіс пеймін	Толық келісемін	Толық келіспеймін
1	Сіздің балаңыз балабақшаға қуана барады.	68%	-	32%	-
2	Топта баланың оқуы мен өмірі үшін қолайлы атмосфера бар.	56%		44%	-
3	Сіз топ тәрбиешілерінің қызметіне қанағаттанасыз.	70%	-	30%	-
4	Сіз мектепке дейінгі ұйымның басқа мамандарының (музыкалық жетекші, қазақ, орыс тілі педагогы, педагог-психолог, арнайы педагог) қызметіне қанағаттанасыз.	44%	-	56%	-
5	Мұғалімдер этика нормаларын, педагогикалық әдептілік пен балалармен қарым-қатынастағы әділеттілікті сақтайды.	42%	-	58%	-
6	Сіз балаңыздың дамуын байқайсыз ба?	40%	-	60%	-
7	Мектепке дейінгі ұйымның оқыту және тәрбие жұмысы баланы мектепке дайындауға ықпал етеді.	44%	-	54%	-
8	Балалардың тамақтануы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген.	46%	-	54%	-
9	Сіз балаңыздың жетістіктері мен мінез құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанасыз.	44%	-	56%	-
10	Топ ата-аналарымен мектепке дейінгі ұйым мамандары: медицина қызметкері,	50%	-	50%	-

	психолог, қазақ немесе басқа тіл мұғалімі, музыка жетекшісі және т. б. балаңызды дамыту, тәрбиелеу және оқыту мәселелерінде консультациялық көмек көрсетіледі.				
11	Сіз балабақша жұмысын ұйымдастыруға қуаныштысыз.	58%	-	42%	-
12	Сіз мектепке дейінгі ұйымға материалдық көмек көрсетесіз бе?	-	76%	-	24%
13	Егер сіз жауаптардың кез келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектепке дейінгі ұйым туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе мектепке дейінгі ұйымның жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар бергіңіз келсе, мына жерді көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз.				

Қорытындылай келе, балабақшаның жұмысына 100% қанағаттанатындықтарын көрсетті.

■ «Күршім ауылының балабақшасы»-ның педагогтері білім беру қызметіне қанағаттану деңгейін анықтау үшін сауалнамаға 96 % қатысты. Музыка жетекшісі 1 наурыз 2026 жылдан бастап өз өтініші негізінде зейнеткерлікке шығуына байланысты жұмыстан босатылды. Барлығы 22 педагог сауалнамаға қатысты.

№	Сұрақ	Келісе мін	Келіс пеймін	Толық келісемін	Толық келіспеймін
1	Мектепке дейінгі ұйымның жұмысы уақыт талаптарына сәйкес келеді, инновация режимінде өтеді	55%	-	45%	-
2	Педагогтерге білім беру процесіне белсенді қатысу және біліктілігін арттыру үшін жағдайлар жасалған	59%	-	41%	-
3	Педагогтар тиімді әдістемелік көмек алады	59%	-	41%	-
4	Мұғалімдер эмоционалды-психологиялық қолдау алады.	68%	-	32%	-
5	Оқыту мен тәрбиелеудің сапалы процесін ұйымдастыру үшін жағдайлар жасалған	59%	-	41%	-
6	Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарынан уақтылы өтуі үшін жағдайлар жасалған	59%	-	41%	-
7	Еңбек жағдайлары Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес келеді	59%	-	41%	-
8	Әкімшіліктің жұмыс стилі мұғалімдердің өзін-өзі дамытуына және өзін-өзі бекітуіне ықпал етеді	55%	-	45%	-
9	Тәрбиеленушілер, ата-аналар,	64%	-	36%	-

	мұғалімдер арасындағы жанжалдардың алдын алу және шешу бойынша тиімді жұмыс жүргізілуде				
10	Оқу-материалдық база тәрбиеленушілердің дамуына жағдай жасауға ықпал етеді	73%	-	27%	-
11	Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал бар	77%	-	23%	-
12	Тамақтану сапасы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген	55%	-	45%	-
13	Өріптестер мейірімді және әрқашан көмектесуге дайын	59%	-	41%	-
14	Сапалы оқыту процесін жүргізу үшін оқу-әдістемелік және техникалық құралдар базасы құрылды	64%	-	36%	-
15	Әр мұғалімнің кәсіби және шығармашылық өсуіне жағдай жасалған	68%	-	32%	-
16	Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі жұмыста педагогтарды көтермелеуді қолданады	73%	-	27%	-
17	Ата-аналар топ педагогтарының жұмысына қанағаттанады	64%	-	36%	-
18	Мектепке дейінгі ұйымда ереже белгіленген-тексерушілер үшін ақша жиналды	-	77%	-	23%
19	Егер сіз жауаптардың кез-келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектепке дейінгі ұйым туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе ұсыныстар бергіңіз келсе, осында көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз.				

Сауалнаманың қорытындысы 100% көрсетті.

9.ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША АНЫҚТАЛҒАН КЕМШІЛІКТЕР МЕН ЕСКЕРТУЛЕР.

ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК Мемлекеттік аттестациядан өтуіне байланысты өзін-өзі бағалау жүргізіп, атқарған жұмыстарды зерделеп шықты.

2026 жылдың «27» ақпанындағы №26/1-ж бұйрығының негізінде құрылған жұмыс тобы сапалы жұмыс жүргізді.

Нәтижесінде:

1. ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» 98% педагогикалық кадрлармен жасақталған. Жетіспеушілік логопед, музыка жетекшісі маманы бойынша анықталып отыр.

Кадрлар құрамы штат кестесіне сәйкес келеді. Педагог мамандардың тиісті бейіні бойынша педагогикалық білімі бар. Тәрбиешілердің «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша білімі 100% құрайды. Кәсіби біліктілікті арттыру курстарын жүйелі түрде арттыруда. Педагогтердің 100% - ы біліктілікті арттыру курстарында оқып, кәсіби біліктілігін арттырды.

2. Балабақшада баланың жеке басын толыққанды қалыптастыру және дамыту үшін мемлекеттік білім беру стандарт талаптарына сай жағдайлар толық жасалған. Заттық дамытушы ортаның мазмұны тәрбиеленушілердің мүдделеріне сәйкес келеді, жыл мезгілдеріне байланысты өзгереді, үнемі байытылады, қажеттілікке байланысты толықтырылып отырады, балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктері, қол жетімділігі, қауіпсіздік балалардың жасына сәйкестігі, қанықтылығы, мүдделер бойынша аймақтарға бөлу ескерілген. Заттық дамытуша орта «Step by step» технологиясы негізінде белсенділік орталыққа бөлінген.

3. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға жағдай жасалған. Педагог-психолог, дефектолог және қажеттілікке қарай педагог-ассистент ЕБҚЕ балаларды жеке даму бағдарламалары негізінде психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жан-жақты жүргізеді. Білім беру процесіне қатысушылардың өзара қарым-қатынасы қауіпсіз, психологиялық жайлы ортаны қамтамасыз ете отырып, тәрбиені ізгілендіру және командалық тәсіл қағидаттарына негізделген.

4. Әдістемелік кешендермен 6 топ қамтамасыз етілген 80-90% құрайды. Ұйымдастырылған іс-әрекет бойынша перспективалық жоспарлар мен циклограммалары жазылып, бекітілген.

5. Мектепке дейінгі балалар «Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына» сәйкес қабылданады.

Балалар жыл көлемінде жас ерекшелікке байланысты ашылған бос бюллетендер Balabaqsha SmartNation - мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтерді алуға арналған бірыңғай портал арқылы (мектепке дейінгі

ұйымдардың жалпы қол жетімді тізілімі және мектепке дейінгі ұйымды басқару жүйесі) қабылданады. Бүгінгі күні партал бойынша бала санының артуы жоқ. Бос орындар таза жариялануда.

2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарының қорытынды мониторинг нәтижелері, 2025-2026 оқу жылы мониторингісінің аралық нәтижесі бойынша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының» мазмұнында анықталған күтілетін нәтижелерге балалар мен педагогтардың қол жеткізу деңгейі, орта және жоғары деңгейдегі балалар саны құрайды.

10. ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ҰСЫНЫСТАР:

1. Педагогтердің сапалық көрсеткішін көрсету мақсатында әдістемелік қолдау мен өзіндік білім жетілдіру жұмыстарын күшейту.
2. Әдістемелік және дидактикалық кешендер жаңа бағдарламаға, заттық дамытушы ортаның ойыншықтар мен ойынға арналған материалдары үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес жаңарту.
3. «Адал Азамат» Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыруда ұлттық, отбасылық шараларды МДҰ әлеуметтік желілерінде жарнамалау.